АҚМЕШІТ жастары

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 2 (539)
11 қаңтар, 2024 жыл

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

Редактор сөзі

ЖАҢАРҒАН «ЖАСТАР»

Құрметті оқырман, «Ақмешіт жастары» газеті айтары да, айбары да бар басылым. Өзінің он жылдық тарихында талай түлекті түлетіп, жас журналистердің шабытын шыңдаған ұстахана.

Ұлт үмітін арқалаған жігерлі жастар – ел ертеңі екені айқын. Үміт пен сенімді ақтау олардың басты парызы. Сол себептен де қазіргі қоғамның жетекші күші ретінде еліміздің дамуы, салалардың жандануы үшін жауапты.

Қазақтың тарихы мен мәдениетінің тағдыры, дамуы мен модернизациялануы, жалпы бүгіні мен ертеңі де жастарға байланысты. Қай заманда, қай елде болсын, асқақ арман, үкілі үміт, биік ар мен өр намыстың символы болған да осы – жастар. Осындай рухты екпін енді басылым бетінен анық аңғарылады.

Ашып айтар болсақ, жаңа маусымда газеттің дизайні жаңа кейіпке еніп отыр. Оған қоса, жанрлардың әр алуандығы, мазмұнды мақалалар, сырлы сұхбаттар, сүбелі сараптамалар, қызықты деректер, айшықты айдарлар ойлы оқырманға жиі ұсынылады. Сіздерден келген хаттар да тасада қалмай, байланыс беки түспек.

Айдар САЙЛАУОВ

Өнер атаулыда жүйелі құрылым өзекті. Шығарманың мән-маңызын айшықтау үшін де бас-аяғын күзеп, тігісін жатқызу оңай шаруа емес. Осы орайда талғамға толы талпыныс пен көзқарасы алабөтен режиссер мамандардың кәсіби дағдысы оқырманға қызық көрінері сөзсіз. Сондықтан бүгінгі тақырыпты режиссерлік өнердің өзіне емес, саладағы сабақтастық әрі буындар танымына арнаған жөн секілді.

РЕЖИССЕР – ШЫҒАРМА ШАМШЫРАҒЫ

Алдымен режиссердің сахнадағы салмағына үңілелік. Көп ұғымында аталған сала мамандары қойылымның көркемдік тұтастығын, кейіпкерлердің өзара қатынасын керек арнаға бұратын «сиқыршы» санатында. Бұл шындыққа да жанасады. Себебі білікті режиссер кейіпкердің ішкі-сыртқы бейнесі арқылы саясі-әлеуметтік, азаматтық ұстанымын білдіріп, күрделі мәселелерді ел назарына ұсынуға қауқарлы. Сапалы спектакльдің нәтижесінде аңғара бермейтін оқиға туралы тың түсінік қалыптастырып, өзге әлемге сапар шегуге болады. Оның үстіне режиссер шығармашылық процестен ләззат алып әрі шығарма авторы болса, әсер еселенері анық.

Міне, осындай жан-жақты саланың Сыр бойындағы жүлгесі көңіл аударуға тұрарлық. Алғашқы театр ашылған өңірден небір майталман маман, танымы терең режиссерлер шықты. Ж.Әбілтаев, Р.Андриасян, М.Байсеркенұлы, Е.Оразымбетов, Х.Теміров, Мен Дон Ук, Т.Өтебаев секілді саңлақтар көрермен ықыласына бөленгені елге мәлім.

2-бетте

ШИЕЛІДЕН ШЫҚҚАН ТАЛАНТ

Арман Сейтжапбар – танымал тректердің авторы. Шатырда шабыт шақыратын әнші шеңбермен шектелмейді. Оның бойында еркіндік пен жастық жалын бар. Синтезден туған стилі де тым бөлек. Бала кезден әуен мен сөз сиқырының сырына қаныққан. Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы колледжін актер және вокалист мамандығы бойынша бітірген.

– Отбасымда жалғыз баламын. Содан болар анам алыстап Алматыға кетпей, бухгалтер болғанымды қалады. Кейін ата-анам таңдауымды түсініп, өнер жолына қадам басуыма қарсылық танытпады. Екінші курста оқып жүргенде ән жаза бастадым. «Байқоңырдағы махаббат» әнім Төреғали Төреәлінің көңілінен шығып, сол кісіге сыйға тартқаным есімде.

Қазір киноға кастингке де шақырып жатыр. Әзірге ән жазумен айналыспақпын. Мақсатым – осы бағытта өзім қалаған нәтижеге жету. «Басқа сандықтан» атауымен жеке альбом жарық көрді. Жақында тағы жинақ шығару жоспарда бар, – деді Аго.

Иә, орындаушының тректері платформада 3 млн-нан астам тыңдалым жинаған.

4-бетте

АҚМЕШІТТЕГІ «АҚМЕШІТТЕР»

Қойнауы тарихпен қабаттас, бастауы игі іспен сабақтас Қызылорданың дамуы қарқынды. Бұл – ұлт зиялылары ұйысқан қасиетті мекен. Екі ғасыр бойы еңсесін тіктеп, ел аузындағы ғибратты еселеп келеді. Шындығында, шырайлы шһардың шежіресі шетте қалып жатқан жоқ. «Ақмешіт» атауы да қолданыстан тыс қалмады. Осы орайда, шолу жасағанды жөн көрдік.

Ақпарат айдынындағы қос басылым

Қоғам тірлігінің тамыры журналистикамен қиюлас. Сондықтан мерзімді басылымның маңызы мен мазмұны зор. «Ақмешіт апталығы» газеті 1994 жылдың 15 сәуірінде жарық көрді. Қазіргі таңда редакторы – Әзиз Батырбеков. Қалам ұстаған қауым қаланың тыныс-тіршілігін сөз етіп, жаңалықтың жаршысына айналды. Отыз жылда озық болған басылымның өзіндік орны қалыптасқан. Әділхан Бәймен негізін қалаған газет ғұмырлы болды десек артық емес. Әр жылдары орақ тілді, от ауызды журналистер басқарып, Сыр журналистикасының беделін арттырғаны ақиқат. Жаңа медианың талабына сай келген басылымның жұмысы жемісті. Ойлы оқырманға мәнді мақала, татымды талдау ұсынып келеді. Жастардың төл басылымына айналған «Ақмешіт жастарының» алғашқы нөмірі 2013 жылы 7 қыркүйекте шықты. Әр жарияланымда өткір әрі өзекті мәселе көтеріп, қызықты дерек бөлісті. Республика деңгейіндегі жаңалықты қамтып, жастардың талғамын да ұмыт қалдырмады. Өйткені мұнда тәжірибелі тілшілер қызмет атқарып, кәсіби мамандар редакторлық етті. Газеттің үздіксіз жарық көруі тынымсыз еңбек пен зор ізденістің нәтижесі. Креативті жастардың бастамасын қолдап, жұмысын насихаттауда да басылымның атқарар рөлі айрықша.

4-бетте

Бүгінде облыста 7 конфессия өкілдері, олардың қатарында 182 мешіт, 15 шіркеу бар. Соның ішінде бабадан мұра, атадан аманат болып қалған Ислам төңірегінде әртүрлі алыпқашпа әңгімелер мен ақиқаттан өзге сөздер еріп жүргені жасырын емес. Олар шындыққа жанаспақ түгілі, иланыуға келмейтіндей деңгейде. Міне, сондай оспадар ойлы, өресі төменділердің әсерінен діниміз қайсы, дәстүріміз қандай деген күмәннің артынан еріп жататын жағдаяттардың ортасында қалдық.

Қазіргі күні байқасаңыз, жастар мешітке көп баратын болды. Дегенмен, сол жастардың бәрінің бірдей дінімізге деген көзқарасы дұрыс па әлде жаңсақ басып жүргендері де бар ма? Міне, гәптің бәрі осында!

ДІН МЕН ДӘСТҮР
ДҮНИЕТАНЫМДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИММУНИТЕТ



Әсілінде, дін мен дәстүр – түбі бір егіз ұғым. Мұны біз, әсіресе жастар қауымы қалай ұғынып жүрміз? Бұл екеуі ажырамас, бір-бірімен біте қайнасқан ұғым. Оның аражігін ажырату үшін үлкен діни білім, ұлттық дәстүрді жете меңгерген қабілет керек. Ең бастысы, дініміз бен дәстүрімізді ұғындыратын, соған жетелейтін насихат құралы қажет. Қазақ халқы қашанда дәстүр-салтымен, әдет-ғұрпымен өмір сүрген халық. «Уықты басқұр сақтайды, ұлтты дәстүр сақтайды» деп бабаларымыз бекер айтпаса керек-ті.

5-бетте

ШЫНЫ
ЗАУЫТЫНДАҒЫ ШЫМЫРЛЫҚ
3

ПТК АРНАСЫ:
«ЖАЛҒАН АҚПАРАТТАҒЫ» ШЫНАЙЫ ӘЗІЛ
8

Еліміздегі өнертапқыштар өнертабыс әлеміне өзіндік қолтаңбасымен келіп, жарқын із қалдырды. Дегенмен әттегенайы да жоқ емес. Бірі құжатқа осал болса, енді бірі жай ғана жан қалауымен айналысып жүр. Ашқан жаңалығын жария еткісі келмейтіндер, асқан даңққа қызықпайтындар да кездеседі. «Патенттен пайда көрмедік», «Бізді кім бағалайды» деушілер де жоқ емес.



ӨНЕР тапқыштардың табысы немесе ерекше еңбектер еленбей жатыр



Бүгінде өнертабыс иелері көбейіп, ғылымға заманауи жаңалықтар енгізу жиіледі. Мұндайдың сан түрін интернет желісінен біліп, көріп жүрміз. Әлем ғалымдары өркениет өрге басқан сайын жаңалықтар мен тосын өнертабыс түрлерінің де саны арта беретінін айтады. Дегенмен өнертабыс иелерінің дені ғалымдардың үлес салмағында екенінде дау жоқ. Бірақ қарапайым халық арасында жоқтан бар жасап, онысын кәдімгідей кәдеге жаратып жүргендер де жоқ емес. Тек өзі ғана емес, жасаған туындыларының қызығын ел көріп, халық арасына кең таралып жататындары да кезігеді. Дегенмен көп жағдайда мұндай алтын қолдардың жұмысының 70 пайызы еленіп-ескерілмей тасада қалып қоя береді екен.

– Біз орасан зор қарқынмен дамып келе жатқан прогрессивті әлемде өмір сүріп жатырмыз. Бұл өсу мен прогресс ғылымның, көптеген зерттеуі мен тәжірибенің жемісі. Адамдар қолданатын барлық дүние, соның ішінде автокөлік, электр қуаты, денсаулық сақтау және ғылымның өзге саласындағы жетістіктер алдымен өнертапқыштардың жаңалықтарының нәтижесі.

Егер адамзат ең ұлы ақылой иесі болмаса, біз әлі де орта ғасырлардағыдай өмір сүрген болар едік. Адамдар өнертабыстарды көп жағдайда қарапайым, қолдан жасалған деп қабылдайды. Бірақ бәрібір біз қанша қарапайым болса да өнертабыс иелеріне құрмет көрсетуіміз керек, – дейді ғалым, 100-ден аса ғылыми еңбектің, он шақты өнертабыс патентінің авторы Қ.Байшағыров.

Айта кеткен жөн, Қазақстанда өнертабыс иелерін ынталандыру мен лайықты марапаттар ұсыну мақсатында Әділет министрлігінің мұрындық болуымен жыл сайын «Шапағат» деген атпен өнертабыс иелерінің республикалық конкурсы ұйымдастырылады.

Ұлттық зияткерлік меншік институтының хабарлауынша, байқауға өнертабыстың қолданылуы туралы жеке тұлғаның өтініші, кәсіпорынның, мекеменің және ұйымның пікірі, жалпы алған патенттері, авторлық куәліктері көрсетілген өтінімді үміткер атынан ғылыми ұйымдар немесе қоғамдық ұйымдар ұсынады.

«Шапағат» республикалық конкурсы былтыр елордада дүркіреп өтті. «Шапағат-2023» деген айдармен өткен байқауға отандық өнертапқыштар өз жұмысын өткізген. Әділет министрлігі өкілдерінің айтуынша, биыл конкурсқа 200-ден аса өнертапқыш өтініш білдірген. Жеңімпаздар «Жыл өнертабысы», «Өнертапқыш әйел», «Үздік инновациялық компания», «Жас өнертапқыш» сияқты номинациялар бойынша марапатталған. Үздік өнертабыс иелеріне «Еліміздің еңбек сіңірген өнертапқышы» құрметті атағы берілген.

Байқау ғылыми жобалар үшін көптеген мүмкіндікке жол ашып беретіні рас. Үздік деп танылған жобалар өз патенттері мен дипломдары арқылы өзге де әлемдік байқауларға қатысуға жолдама болмақ. Бірақ әлемдік байқауға қатысу үшін қаржылық қолбайлау мен өзге де кедергілер кездесе кететіні белгілі.

Өкініштісі, біздің елде өнертапқыш өзі жасап шығарған ғажайып дүниесін өндіріске енгізу үшін не өзінде мол қаражаты болуы керек немесе мемлекеттік гранттық конкурстарға қатысып, соның есебінен жұмысын жалғастыруы қажет. Ал мемлекеттік грантқа қатысу үшін ол міндетті түрде еліміздегі ғылыми мекемелердің бірінде қызмет етуі шарт. Сөйтіп, екі не үш жақты болып жүрген адамның шығармашылықпен айналысуға уақыты да қалмайтыны тағы бар.

Ал елімізде ешкімге алақан жаймай, ешқандай байқауға қатыспай-ақ өзінің өнертабысын өзі жетілдіріп, дамытып, қызығын көріп отырғандар қаншама? Қызылордалық Марат Палмахов өзі ойлап тапқан генератордың көмегімен шалғайдағы ауылдарды электр қуатымен және сумен қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Оның идеясына елдің беделді университеттері, соның ішінде Nazarbaev университеті қызығушылық танытты. Ол «дипломсыз инженер» автономды генератор моделімен 9 жыл бойы жұмыс істеді. Ақырында, көпжылдық эксперименттер мен сынақтар сәтті аяқталып, өткен жылы экологиялық таза және сыртқы энергия көздерін қажет етпейтін «мәңгілік қозғалтқыш» дайын болды.

– 2021 жылы мен өздігінен электр және сумен қамтамасыз ете алатын автономды генератор жасадым. Дизайн мен жұмыс принципін қолдану оңай және үлкен шығынды қажет етпейді, сондықтан құралды жеке тәртіппен және өнеркәсіптік өндірісте пайдалануға болады. Генератор экологиялық материалдардан жиналады және қоршаған ортаға зиянды қалдық шығармайды, бұл қазіргі жағдайда аса маңызды жайт. Сондай-ақ генератор толығымен автономды, яғни оның жұмысы сыртқы факторларға байланысты емес. Қуат көзі ретінде жел де, су да, электр энергиясы немесе отынды қажет етпейді, – дейді М.Палмахов.

Ал өткен жылдары қызылордалық оқушылардың ғылыми еңбектері көпті тәнті еткенін білеміз. Олардың өнертабыстары өңірдің дамуына, әртүрлі салалардың жандануына арналған. Б.Төлебай медицина қызметкерлеріне көмекші бола алатын робот құрастырса, Д.Хегай ауылшаруашылық саласына қажетті тыңайтқыштарды, тұқымдарды шашатын көпфунционалды ұшу аппаратының прототипін жасаған еді.

– Бұл қондырғы өсімдіктер ауруын және өрттердің алдын-алуда диқаншыларға үлкен көмекші бола алады. Көп энергияны қажет етпейді және үлкен аумақтарды бүркуде өте тиімді, – дейді жас өнертапқыш. Судың сапасын жақсартуда және өндірістік суды тазартуда Зарина Айсауытова өзінің оңтайлы шешімін ұсынды. Яғни кальций силикатының золін вакуммда өңдеу және оның мыс катиондарын сорбциялау қасиетін зерттей отырып, экономикалық және экологиялық тұрғыдан тиімді әдісін ойлап тапты.

Танылмай жүрген таланттар мен өнертапқыштар жоқ емес. Бірақ олардың жасап шығарған дүниелері шынымен де қолдауға зәру. Әйтпегенде, атын әйгілеп, өнертапқыштарды ақпарат құралдарынан жарқ еткіземіз де, артынша олар аққан жұлдыздай жоқ болып кетеді. Дарындарды қайта іздеп, өнерінің жағдайын біліп жатқан адам байқалмайды. Уақыт өте келе, тіпті ұмыт болып кететіні бар. Сондықтан алтын қолды азаматтарды жоғалтпай, жұмысын ел игілігіне қарай қолданысқа енгізу, оның патент алуына мүмкіндік жасау маңызды екенін айтқымыз келеді.

Айдар САЙЛАУОВ

РЕЖИССЕР – шығарма шамшырағы



Басы 1-бетте

Ұрпақтар сабақтастығы сақталды ма? Бүгінгі қалып қалай? Аймақтағы жаңа буын режиссерлердің деңгейі қандай? Дәстүрлі режиссерлік мектеп өкілдері несімен құнды? Осы сауал ойға орала береді.

Өңірде қос өнерді бойына жиған әрі ақын, әрі режиссер Оңталап Нұрмахановты білмейтін адам кемде-кем. Біз айтқан дәстүрлі мектептің өкілі қанша жасқа жол көрсетіп, өнердің әліппесін үйретті. Танымы кең таланттарға қолдау білдіріп, Қызылордада театрдың өшпеуіне еселі еңбек етті. Барды ұқсату ғана емес, жаңа леп әкелу үшін де жаңашылдықтан қаймықпады. «Жастар театрын» құрып, өскелең ұрпақ арасында театрға бару мәдениетін қалыптастыруға тырысқанының өзі құрметке лайық.

Білікті маман БАҚ-қа берген сұхбатында өнерге қадам басқан шағын былайша еске алады:

«Бала шақта «Пионер», «Балдырған» газет-журналында өлеңім жарияланып тұрды. Мектеп бітірген соң асқақ арманмен қарашаңырақ – ҚазҰУ-ға оқуға тапсырдым. Алайда жолым болмады. Ол кезде оқуға түсе алмай, ауылға кері қайтқан ең бір соры қайнаған жан саналатын. Ата-анаға да, ауыл-аймаққа қарайтын бет жоқ. Сонымен, қайтадан барып, құрылыс техникумына оқуға түстім. Болашақ құрылысшы болсам да, Мардан Байділдаев, Жарасхан Әбдірашев, Шөмішбай Сариев сынды ақын-жазушылардың есігін жағалап, әдеби кештерден құр қалмайтынмын. Кейбір шимайымды ағаларыма ұсынып, ақыл-кеңес алып жүрдім. Осылайша алдыңғы буын өкілдерінің ықпалымен өнерге келдім», – дейді маман.

Білікті маманның сөзінше, режиссер үшін қойылым қою оңай емес. Пьесамен актерден бұрын танысып, астарын ұғып көру маңызды екен. Желдіртпе секілді көрінген мәтіннің астарында салмағы ауыр ой болуы мүмкін. Сондықтан жас режиссерлердің мәтінді ұға білуі қойылымды ашатын кілт деген пікірде. Кейінгі жастардың бойынан аталған құндылықты көруге талпынатынын айтқан.

Әрине, ұрпақтар сабақтастығы қай саланы болсын алға жетелейді. Алдыңғы буынның қателігі мен жетістігі кейінгі ұрпаққа бағдаршам іспетті жол нұсқары анық. Қызылордалық жас режиссер Айбек Жолмырза да өзін Сыр бойындағы режиссерлік мектептің өкілі санайды. Тіпті шығармашылық еркіндік тұрғысынан қызылордалық режиссерлердің танымы биік екенін де айта кетті.

«Жас режиссерлер спектакль қою барысында көп кедергіге тап болады. Кейбірі туа бітті қабілетінің жоқтығын байқағаннан режиссурадан бас тартса, кейбірі бойындағы мүмкіндігін дұрыс пайдалана білмегендіктен мамандықтан баз кешіп жатады. Алдыңғысы құптарлық болғанымен, соңғылары өкінішке әкеліп соғады. Ал, кейбіреуі дарыны жоқ болса да режиссураның атына бола малданып жүретіндері де жоқ емес. Қалай болғанда да өнерге келген жас буын жаңа формаларды іздену арқылы жаңалық ашып, суреткер ретінде сөзін айтуға дағдыланған жөн. Менің Сыр бойындағы режиссерлерден байқайтын артықшылығым да осы. Олар заманзаманына лайық өнер формасын іздеуге құмар», – дейді ол.

Айбек – сценарист, режиссер ретінде танылып келе жатқан жас. Жастардың сүйікті туындысына айналған «Ұлы дала жанұясы», «Әкесінің баласы», «НяняMan», «Көке», «А4» секілді комедиялық сериалдарға сценарий құру арқылы кәсіби ортада танылды. Көптеген кино және театр шығармаларына режиссерлік етіп, білігін арттыруда. Қазіргі уақытта толықметражды фильмге сценарий жазу ісіне кіріскен.

«Ал театр саласында жүйелі ізденіс, тұрақты шығарылым бар деп айтуға болатындай. Себебі 2018 жылдан бастап «Өнер қырандары» әзіл-сықақ театрының сценарисі қызметін атқарамын. Қазіргі таңда шығармашылық ұжым қоржынындағы қойылымдар өзіндік бағытын қалыптастырып, мазмұндық ерекшелігін тапты деп ойлаймын», – дейді жас режиссер.

Жаннұр Толағайқызы – режиссерлік дағдыны академиялық тұрғыда игерген маманның бірі. ЖОО орнын да кино және театр режиссері мамандығы бойынша тәмамдаған. Бүгінде жас талант көптеген отандық фильмнің жарыққа шығуына септесіп, кәсіби тәжірибе жинақтауда.

«Кез келген нәрсе ұнатумен келеді ғой, көгілдір экраннан күнделікті көріп жүрген дүниелерімізді қызыға қараумен қатар оның артында кім тұратыны, олардың қалай жұмыс істейтіні мен үшін қашанда қызық болған. Сол дүниелерді жасау процесіне қатысу арманым болды. Әр адамның өз көзқарасын жеткізуші құралы болады, нақтырақ айтсам, суретші суретпен, композитор музыкамен, ақын өлеңмен дегендей, ал менің құралым кино болғанын қаладым», – дейді маман.

Жаннұрдың сөзінше, ұрпақтар сабақтастығы өнерде де берік орнығуы шарт. Сонда ғана өнердің болашағы берік болмақ. Осы мақсатпен ол қызылордалық режиссерлер тарихы тақырыбына ден қойып, ілкімді ізденіс үстінде. Алдағы уақытта туған жер туралы толымды туындыны жарыққа шығарып, жергілікті режиссерлердің жолын жалғауға ниетті.

«Нағыз режиссер өзінің шабыты мен қиялынан ғана емес, шығармашылық ұжымның да ой-толғанысынан туындаған көркемдік ойлар мен бейнелерді де бір арнаға, белгілі бір шешімге бағыттай білуі керек. Режиссура мамандығының арнайы жазылған теориясы жоқ. Тек К.С.Станиславскидің актерлармен жұмыс жасаудың тәсілі мен танымал режиссерлердің тәжірибелерінен жинақталған еңбектер мен ой-пікірлер ғана бар. Сондықтан Сыр бойындағы аға буын режиссерлердің шығармасымен танысып, көкейге түйетін тұсын түртіп жүремін. Бұл – болашақ жобаға жасалған инвестиция», – дейді Ж.Толағайқызы.

Режиссура – тек қана көркемдік шешімді ғана емес, үлкен жауапкершілікті де қажет ететін өте күрделі мамандық. Еліннің, көрерменнің, ұжымыңның алдындағы жауапгершілік. Сондықтан кәсіби білік пен ғасырлық тәжірибе жібін түйістіре білу маңызды. Жас таланттың кем-кетігін түгендеп, кемшілігін дұрыстауға аға буынның қауқары жететіні анық. Өз кезегінде жас буын да жаңа сүрлу салып, дәстүрлі мектепті жауапкершілікпен жалғасытрарына сенім мол.

Р.МАҚСҰТ

ШЫНЫ ЗАУЫТЫНДАҒЫ ШЫМЫРЛЫҚ

Көзге көрнекті көрінетін кейбір өнімдер өндірісте революция арқылы пайда болды. Мәселен, шыны – құм мен әктастың қосындысы. Ежелгі дәуірде жоғары температурада балқытып, суыту арқылы жасаған. Содан бері әйнек адамзат өмірінде айрықша орын алды. Күнделікті тұрмыста тұтынып, мәдениет пен өнеркәсіп саласында да салмағын сездірді. Аймағымызда шыны зауытының іске қосылғаны белгілі. Қазір жұмыс қарқынды. Тек шыны өндірудің оңай емес екенін айтқымыз келеді. Қайнаған ыстық пен жалынның ортасында жүруге төзімділік керек.

600 ТОННАЛЫҚ ПЕШ ІӘМ 1550 ГРАДУС

Шындығында, шыны шығару процесі тым күрделі. Материал мінсіз қалыпқа түскенше даярлаудың бірнеше сатысы жүргізіледі. Тіпті тиісті температураға қоюды да қадағалау шарт. Әйтпесе, шынының шым-шытырығы шақшадай басты шарадай етеді.

– Өндірістегі технология ерекше. Маған таңсық болғаны, 24/7 табиғи газ, электр қуаты және сумен қамтамасыз етілуі болды. 600 тонналық алып пешті іске қосқаннан кейін кемінде 10 жылға дейін үздіксіз жұмыс істеуінің өзі таңданыс тудырады. Кварц құмы, доломит, әктас, шпат, сода, натрий сульфаты қосындысын пеште 1550 градуста қыздырып, шыны массаға айналдырамыз. Содан кейін флоат-ванна бөлімінде борт пішіндеу машина арқылы қажетті қалыңдықты келтіріп, шыны массаның температурасын бәсеңдету қажет. Ал күйдіру кезеңінде температураны 50-60 градусқа дейін салқындатуда кемшілік жібермеу керек. Сондықтан мұның бәрін қатаң қадағалаймыз. ISRA Vision қондырғысымен белгіленген стандарт бойынша шынының маркасы, құрамындағы дефекті, оның қалыңдығы және техникалық параметрі анықталып, автоматты түрде қапталады. Осылайша күніне 500 тонна шыны шығарамыз, – деді өндіріс бөлімі басшысының орынбасары Ғалымжан Қуатов.

Иә, шамадан тыс шихта шаруаға кері әсер етеді. Сондықтан шикізат материалының мөлшерін рецепт бойынша дәлме-дәл есептеу маңызды. Оны пешке жылдам жеткізіп, істі жүйелеген жөн. Ол балқыту кезіндегі кедергінің алдын алып, шыны бетіндегі кемістікті жояды. Байқасаңыз, пеште температура жоғары, жалын қызу болады. Демек оның ыстығы сыртты да шарпиды деген сөз. Мұндайда мазасызданбай жұмыс істейтін қызметкерлерге қол соғуға болады.

– Осы уақытқа дейін мұнай-газ саласында жұмыс істедім. Шыны зауытында алғаш тәжірибе алмасуым. Мен үшін қызықты әрі күрделі жоба. Әр күні түрлі тапсырма орындап, жан-жақты іздену ынталы қызмет атқаруыма түрткі болды. Иә, зауытты іске қосуда қиындық болғаны рас. Бірақ Қазақ-Қытай арасындағы келісім, көрсетілген қолдау мен әр жұмысшының маңдай тер еңбегі арқылы мақсатқа жеттік. Бүгінде жұмыс жүйелі. Қауіпсіздік жоғары деңгейде қарастырылған. Техникалық қауіпсіздік қағидалары жиі түсіндіріледі. Сондай-ақ қондырғылар қуатты. Басым көпшілігі Англия, Түркия, Италия, Жапония, Қытай, Германиядан әкелінген. Шыны өндіру процесіне сай бәрі сапалы жабдықталған, – деді ол.

ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕЙТІН ШЫНЫ ШЫҒАРЫЛМАҚ

Әйнектің түр-түрі бар. Олар сыртқы түрімен және физикалық қасиетімен ерекше. Сапа жағынан да сан алуан әйнек кездестіруге болады. Рас, шыны шытынайды, әйнек сынады деген көзқарас қалыптасқан. Оған дәлел де жоқ емес. Өйткені айнаның өзі қолдан сусып түскенде қақ бөлінеді. Бірақ әлемдегі тәжірибе шойыннан берік шыны шығаруға болатынын көрсетті. Бұл Жапонияда жүзеге асқан көрінеді. Өңіріміздегі өндіріс орнында да жаңалық бар.

– Шыны қалыңдығына байланысты бөлінеді. Зауытта 3,5 және 12 миллиметр аралығында шыны өндіріледі. Өткен жылы қараша айында қоңыр және күміс түсті таңдап, осы бағытта жұмыс істеп отырмыз. Ал алдағы сәуір айында энергия үнемдейтін шыны шығару ойда бар. Әрине, оның құны жоғары болмақ, десе де өзін ақтайтынына сенім мол, – деді Ғ.Жұмаділдәұлы.

Өндірістің өрісі кеңейгені құба-құп. Жұмыс осы қарқында жалғасса, нарықта нанымды нәтижеге жетеріміз анық.

ҚЫТАЙ АЗАМАТТАРЫНА ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚЫТЫЛАДЫ

Зауытта Қытай азаматтары да жұмыс істейді. Қазіргі таңда жұмысшы саны – 372. Оның ішінде 102 қытайлық бар. Бәрі шыны өндіруде шет қалып жатқан жоқ. Тиісінше, бұл коммуникация орнатуға да кедергі емес. Жұмысшылар арасында жоғары деңгейде қарым-қатынас орнатылған. Әр цехта бір аудармашыдан бар екен. Сонымен қатар қытай азаматтарына қазақ тілін үйрету қолға алынған. Зауыттың ерекшелігі де осы. Сабақ жұмыстан тыс уақытта жүргізіледі. Яғни, сенбі күні 3 сағат кейде 1 сағат көлемінде аудармашылар арнайы сабақ өтеді. Сайып келгенде, бұл тілдік мәселенің тығырыққа тіремейтінін аңғартты. Егер екіжақты байланыс бекіп, жұмысшылар бір-бірін түсінсе, өндірісті өрге сүйрейтіні ақиқат.

Замира ҚОНЫСЖАН

Дидар

ЖАСТАР – ЖАҢА ИДЕЯЛАР ИЕСІ

Қазақ тілі кинофильмдер арқылы оқытылады

Облыстық тілдерді оқыту орталығы ұжымының шығармашылық коры тағы бір кітаппен толықты. Яки «Қазақ тілін кинофильмдер арқылы оқытуға арналған жаттығулар жинағы» атты әдістемелік құрал жарыққа шықты. Кітаптың авторлары облыстық тілдерді оқыту орталығы директорының орынбасары Жанығүл Ерекешова және М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, педагог-зерттеуші, магистрі Мөлдір Мендібаева. Біз кітап авторларымен кітаптың мазмұны туралы сұхбаттасуды жөн санадық.

– Әдістемелік кітап әзірлеу жүйелі ізденісті талап ететіні анық. Бұл идея қалай туды?

Жанығүл Мұхитқызы:

– Әдістемелік құрал әзірлеу – педагогика саласының әрбір қызметкері үшін қажет дүние. Оқытумен айналысатын оқытушы шығармашылықпен, өзінің әдістемелік қорын қалыптастырады. Бұл қағидатты біз де мүлтіксіз орындап, мемлекеттік тілді оқыту жүйесіне байланысты әдістемелік өнімдерді әзірлеп келеміз. Облыстың қоғамдық даму басқармасының «Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы» мекемесі жанынан құрылған ғылыми кеңестің жұмыс жоспары бойынша сараптамалық комиссияға ұсынылған «Қазақ тілін кинофильмдер арқылы оқытуға арналған жаттығулар жинағы» атты әдістемелік құрал республикадан қолдау тауып, 1000 дана таратылды. Әрине тілді оқыту, үйрету үшін ұлттық құндылықтарды насихаттау маңызды. Бұл идея бірнеше жыл бұрын «Құнанбай» фильмін алғаш көрген кезде туындады. Тарихи фильмдегі дәстүрлер, қазақтың сөйлеу мәдениеті, сөз құдіретін танытатын сәттер еріксіз шығармашылыққа жетелейді екен. Одан кейінгі алаштану саласы бойынша түсірілген фильмдер осы әдістемелік құралдың негізгі мазмұнына арқау болды.

– Бұған дейін ғылыми айналымға енген басқа қандай еңбекке үлес қостыңыздар?

Жанығүл Мұхитқызы:

– Облыстық тілдерді оқыту орталығының негізгі мақсаты – облыс тұрғындарын, мемлекеттік және бюджеттік сала қызметкерлерін, жеке кәсіпкерлерді, этнос өкілдерін оқыту болса, осыған сәйкес, әдістемелік шығару, оны тарату, тәжірибеде қолдануды жүйелі жүргізу – негізгі қызметі. Оқыта отырып құндылықтарға тәрбиелеу – шығармашылық жұмыстардың басты қағидасы. Бұдан бұрын 2022 жылы республикалық «Үздік оқытушы» байқауында жүлделі II орын алған «Тыңда! Түсін! Тіл үйрен!» атты ұжымдық мәтіндер жинағы авторларының құрамында болдым. Қарапайымнан бастап жоғарыға дейінгі деңгей тапсырмаларын қамтитын жинақтың аудиториясы – мектеп, колледж, университет, оқыту орталықтарының тыңдаушылары мен оқытушылары. Бұл еңбек тыңдаушының тыңдау дағдысын қалыптастыру, кезінде «құлақ жеп» атаның ақылын тыңдап, халықтық тыңдалыммен өскен құймақұлақ бабалардың бай мұраларын бүгінгі сандық технология мүмкіндігіне бейімдеп, қазақ тілін үйретуге қолдансақ, бүгінгі ұрпақтың есте сақтау қабілетін де арттыруға септігі тиер деген мақсатпен жасалды.

– Тілге деген жанашырлық әрбір азаматтың бойында болуы шарт. Мұндай құндылықты жастардың бойына ұялату үшін қандай қадам жасау керек деп ойлайсыз?

Жанығүл Мұхитқызы:

– Қоғамның құндылығы халық дейтін болсақ, оның ішінде жастар – жаңа идеялар иесі. Біздің ұлт болып ұйысуымыздың, ұлттық болмысты сақтаудың негізгі тетігі – бүгінгі жас буын. Тіл тазалығы, тілімізде қалыптасып жатқан сленгтермен күресу туралы айтудан жалыққан емеспіз. Кешегі бүгінгі жасап жатқан әдістемелік топтамалардың негізгі мазмұны да жастардың болмысын дұрыс қалыптастыру, ұлттық тіл, ұлттық дәстүр жайлы санасына сіңіретін, адастырмас «темірқазықты» табу. Ол дегеніміз – оқытудан, тәрбиелеуден, үйретуден басталатын саналы әрекеттер. Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, мерейін арттырып, мәртебесін көтеру жолындағы әрбір ігі істің нәтижелі болуы – жаңа толқынның жаңашыл көзқарасы, ұлтқа деген сезіміне байланысты. Сөз арқылы адамның тек сөйлеу мәдениеті ғана қалыптаспайды ғой. Жағымды ойдан жақсы сөз туып, ол жақсы әрекетке ұласып жатады, демек болмысы мен табиғаты да сөз арқылы өріледі деген сөз. Қазақта жүрекке жылы тиетін сөзді жібек жіпке, ал өткірлігі үшін наркескен қылышқа теңеген. Міне, біздің өскелең буынның бүгінгі қалыптасқан тілдік мәдениеті оның болашақтағы ұлттық, елдік мәдениетінің баспалдағы екенін ұғындыра білгеніміз жөн.

– Өңірімізде қазақ тілі мәселесі өзекті болмағанымен, өзге облыста күн тәртібіндегі мәселе. Осыған орай тіл үйретудің жеңіл әдісі қандай деген сауалға жауап іздесек.

Мөлдір Болатбекқызы:

– Қазақ тілі – қазақтың ана тілі. Мен де осы тілімнің мәртебесінің жоғары болуына атсалысып жүрмін. Тілге деген жанашырлық әрбір қазақтың қанында болуы қажет деп есептеймін. Жастар бойында да тілге деген құрмет өте жоғары. Оған дәлел ретінде Тілдерді оқыту орталығымен жүргізілетін шараларды айтуымызға болады. Күнделікті өмірде тіліміздің бөтен сөзбен былғанбай, таза, көркем болуына сабақ үдерісінде, тәрбиелік шараларда мазмұнды жұмыстар арқылы әсер етіп отырамыз.

– Шәкірт тәрбиелеуде де еселі еңбек еттіңіз. Шәкірт жетістігімен бөліссеңіз.

Мөлдір Болатбекқызы:

– Білімнің киелі қарашаңырағында ұстаздық қызметте жүргеніме қуаныштымын. Болашақ мамандардың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мақсатында түрлі сайыстар, байқаулар өткізіліп тұрады және оған шәкірттерді жан-жақты даярлап, нәтижесінде жүлделі орындар алып келеміз. Шәкірт жеңісі – ұстаз мерейі! Біздің «М.Мәметова атындағы Қызылорда жоғары колледжі» көптеген жетістіктерге жетті. Талай белестерді бағындырды. Алдағы уақытта да шәкірттерге үлкен үміт артамыз. Менің шәкірттерімнің бәрі бірдей. Барлығы да жан-жақты, білімді, ізденіске құштар. Мен олардан үлкен үміт күтемін!

– Тәжірибе алмасуға қаншалықты көңіл бөлесіз?

Мөлдір Болатбекқызы:

– Білім беру үдерісінде оқытушының тәжірибе алмасуы күнделікті орын алатын жағдай. Республикалық, облыстық деңгейде шеберлік сағаттарына, ғылыми конференцияларға үздіксіз қатысып, әдістемелік қоржынымыз қазақ тілін оқыту жөнінде тиімді әдістер, тәжірибелермен толығып отырады. Жалпы білімге, ізденіске, жаңаға ұмтылыс бізге жетіспейді. Көбіне осы дүниелерге мән бермей жатамыз. Біздің қателік жіберетін тұсымыз осында. Сондықтан мен студенттерді ізденуге осы бастан бойына сіңіремін. Иә, рас мектеп жасынан бастау керек. Десе де еш нәрсеге кеш болмайды. Оқу бітіріп, жұмысқа орналасар кезде жауапкершілікті сезінеді. Өзім көп ізденемін, жан-жақты кітаптар оқып, курстарға қатысамын. Білімімді жетілдіруге ешқандай уақыт аямаймын. Қажет болса өзге қалаларға баруға дайынмын. Сондықтан тәжірибе алмасу менің тәжірибемде қалыптасқан дүние. Өзгелердің жұмысымен етене танысып, өзіне керекті тұстарын аласың.

Мөлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА

Басы 1-бетте

АҚМЕШІТТЕГІ «АҚМЕШІТТЕР»

Сыр мекеніндегі мешіт

Мұсылман үшін маңызды орын – мешіт. Жамағаттың жиылып, маңдайын сәждеге қойып, құлшылық ететін рухани ордасы. Облыстық «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешіті 2008 жылы ашылған. Нысанның бой көтеруіне Өтемұратовтар әулеті демеушілік етіп, құрылыстың сапалы болуын алматылық «Күмбез» ЖШС-і қолға алған. Ал «Глобал Девелопмент» компаниясы тапсырыс беріп, бас мердігер жергілікті Альянс ЖШС мен көркемдік безендіру жұмыстарын «ҚаПРОЛТД» ЖШС және жеке кәсіпкер М.Байбосынов жүргізді. Мешіттің жалпы көлемі 5,257 гектарды құрайды.

Құрылысында қызық дерек пен ерекшелік бар. Мәселен, күмбез басындағы айшықтар алтыннан құйылған. Оны Қоқаннан келген шебер Шәміл Асатбаев жасаған. 6 қаусырмалы, 3 сыңар есік жүз жылдық қара ағаштан қашалыпты. Ал сыртқы қабырғасы қою жасыл түсті гранит тастармен көмкерілген.

Сондай-ақ мешіттің 4 мұнарасы бар. Алдыңғы екеуінің биіктігі 37 метр, қалған екі мұнара биіктігі 22 метр. Күмбез саны – 7. Қытайдан әкелінген 360 шамы бар хрусталь люстра орнатылған.

Иман үйінің іші толық жабдықталғаны анық. Мұнда ерлерге арналған 1 үлкен, 2 кіші намаз залдары, 300 адамға арналған әйелдер намазжайы бар. Одан бөлек, 1 кітапхана, 2 дәрісхана, тегін тігін курсын оқытатын «Шебер әйел» қолөнер орталығы, «Tanym media» студиясы, діни сұрақтар бойынша кеңес беру орталығы, құран оқыту, неке қию бөлмелері, 3 қызметкерлер бөлмесі бар. Қазіргі таңда 18 қызметкер жұмыс істейді. Оның ішінде бас имам, наиб имамдар, ұстаздар, ақпарат саласына жауапты мамандар, қарауыл мен тазалықшы бар.

Бас қақпадағы тарих қоймасы

Сан ғасырдың сырын бүккен музей біріне мәлім, енді біріне беймәлім. Біз облыстық тарихи өлкетану мұражайының филиалы Ақмешіт музейі туралы айтып отырмыз. Бұл ғимарат қала Перовск аталған заманда бой көтерген. Теміржол вокзалының маңында салынған.

Музей қабырғаларында ілінген графикалық суреттерде дарияның жағасында қамыс пен саз балшықтан салынған «Ақмешіт» бекінісінің сыртқы бейнесі бейнеленген. Сурет бойынша бекіністің айналасында орлар қазылып, ол суға толтырылған. Бұл тәсіл бекіністі сыртқы жаудан қорғау мақсатында жасалған екен.

Ғимараттың іргетасы 1905 жылы қаланған. Алғаш әскери казарма ретінде салынып, 1917 жылы қайта қалпына келтіріліп, ел игілігіне берілген. Кірпіші кетілмеген ғимарат бүгінге дейін сақталған. Жөндеу жұмыстары да жүргізілген.

2004 жылдан бастап «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Ақмешіт» филиалы болып құрылды. Қазір мұнда Қызылорда қаласының 1925-1929 жылдары аралығында Қазақ АКСР-нің астана болған кезеңіндегі архивтік құжаттар, еліміздің маңызды саяси оқиғасы болған Қазақ атауының қайтарылуы, сол кезде қызмет еткен Алаш қайраткерлері туралы толық ақпарат бар. Қазақтың ұлттық театрының негізін қалауға атсалысқан тұлғалар жайында және ел астанасының денсаулық, білім, әлеуметтік-экономикалық саланың дамуынан тың дерек сақталған.

Сонымен қатар, Қазақ Орталық Атқару Комитеті төрағасының жұмыс кабинеті және XX ғасыр басындағы зиялы адамдардың тұрмысын көрсететін экспозициялық залдардан тұрады. Қазіргі таңда 2000-ға жуық жәдігер бар.

XX ғасырдың басында зиялы қауымның өкілдерінің қонақ бөлмесі интерьері орналасқан. 100 жылдан астам тарихы бар шегесіз тұтас ағаштан құрастырылып, ыдыс аяқ салу үшін пайдаланылған үй жиһазы, Еуропа елдерінде жасалған қабырға сағаты, пианино, патефон сынды жәдігерлер өз құнын жойған жоқ

Тіпті Қазақ АКСР құжаттары, үкімет мүшелері, сол кезеңде қажырлы еңбек еткен мемлекет қайраткері Қ.Қожықов туралы көп дәйекті білуге болады. Қызылорда қаласында алғаш рет ғылыми-ағартушылық жұмыспен айналысқан Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Темірбек Жүргеновтің еңбектері бар. Музей қоры мұнымен шектелмек емес. Тарихты түгендеп, өткенді бағамдаймын деген адамға толассыз ақпарат пен мол мұра дайын тұр.

Аймақтағы аяқдоп шеберлері

Қоғам мен халық арасындағы алтын көпірді жалғаған журналистер спортта да қабілетті. Иә, «Ақмешіт» футбол командасы ойында ойсырап жеңілген емес. Керісінше аймақ абыройын асқақ етіп келеді. Оған алаңдағы әдісі мен қақпадағы көз ілеспес қозғалысы дәлел. Команда капитаны Әділбек Жақановтың сөзінше, журналистердің футболға қызығушылығы 2000 жылдары оянған. Ол кезде облыстық телеарнаның ұйымдастыруымен қарымды қаламгер Жақсылық Бекқожаев атындағы шағын футболдан БАҚ өкілдері арасында турнир өткен. Бұдан бөлек, аудан әкімдерінің кубогі мен футбол жарыстарында бақ сынады. Осылайша 2014 жылы «Егемен Қазақстан» газетінің аймақтағы меншікті тілшісі Ержан Байтілес «Ақмешіт» командасының құрылуына мұрындық болған.

Жеткен жетістік аз емес. Қарбалас жұмыс кестесіне қарамастан дайындыққа уақыт табатын жігіттер жүйріктігін дәлелдеп жүр. Шымкент қаласында «Оңтүстік Қазақстан» газетінің 90 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған турнирден олжалы оралды. Сондай-ақ, Сыр қаламгерлері қазақ спортының қайраты Сейдахмет Бердіқұлов атындағы турнирде 2015 жылы қола медаль, 2017 жылы чемпион атанып, 2022 жылы күміс медаль иеленген. Ал былтыр Амангелді Сейітханов атындағы турнирде топ жарды.

«Ақмешіт» командасының құрылғанына он жылдан аса уақыт өтті. Осы мерзімде Қызылорда қаласында үш рет республикалық турнир өткізіп, еліміздің әр түпкірінен қаламгерлердің басын қосып, ала доп бәсекесін ұйымдастырып үлгерді. Бұл да бір жетістік. Қазіргі таңда құрамада футболға икемі бар 15-ке жуық тілші бар.

Нәзік АХМЕТ

Туризм:

Табысқа жетудің төте жолы

Аймақта турист тарту ісі жолға қойылған. Оның үстіне ел аралап, қыдырып жүргендерді ұнататындар қатары күн санап артуда. Оны ғаламтордан да аңғаруға болады. Бірі шет ел таңдаса, енді бірі Қазақстан қалаларында саяхат жасауды жөн көрген еді. Соның ішінде біздің өңірге де қызығатындар баршылық. Бұл саяхатшылар мен туристер табиғатты, тарихи және көрікті жерлерді тамашалауға асық екенін көрсетеді. Туризм саласының Қызылордада қарқыны қалай? Сыр елі туризм саласына қаншалықты көңіл бөлуде? Саралап көрсек...

Коллажды жасаған Мадияхан КЕНЖАЛЫҰЛЫ

Облыста бүкіл түркі әлеміне әйгілі Қорқыт ата мемориалдық кешені, Байқоңыр қаласы, Сығанақ қалашығы мен «Сауысқандық» петроглифтері, «Жаңақорған» шипажайлар кешені, Қамбаш көлі секілді туристік аймақтар жетерлік. Статистикаға көз жүгірсек, өңірімізге Қызылорда облысының туристік саласы 85 жыл ішінде көптеген жетістіктерге жетті. Соңғы 20 жыл ішінде туристер саны 10 есеге артып, 2022 жылдың қортындысымен 100 492-ге жетті. Туристердің басым көпшілігі Байқоңыр кешені, Қорқыт ата мемориалдық кешені, Қамбаш демалыс аймағы, Ханқожа көліне және Жаңақорған шипажайына барған екен. Мәселен, аймағымызға келушілер Байқоңырдағы зымыран-тасығыштың ұшырылым сәтін тамашалауға, Қорқыт ата мемориалдық кешеніне және Сығанақ, Жанкент сынды көне-тарихи, мәдени қалашықтарды көруге келеді. Содан болар, Қызылорда облысы республика бойынша туристер жиі келетін өңірлер қатарында.

Қорқыт ата атындағы мемориалды музейінің ғылыми қызметкері Айгүл Боранбекқызының айтуынша, былтыр 15912 адам Қорқыт ата мемориалдық кешеніне барған. Оның ішінде 600-ге жуығы шетелдік туристер.

– Киелі мекенде Қорқыт ата музейінде жұмыс табылып, ең алғашқы зал қараушы болып жұмысқа орналастым. Экскурсия жүргізгенде бірінші кезеңдерде қиналасың. Сөйтіп үйрендім. Көптеген адамдарды көресің. Қызметім өзіме сондай ұнайды. Бұл жердегі жұмыстың ерекшелігі – келген адамдар алғысын айтып, тілектерін білдіріп жатады. Мұнда келушілердің көбі – туристер. Олардың қызығушылық танытып, аралап шығып, танданыстарын жасыра алмаған сәттері адамға ерекше сезім сыйлайды.

Қорқыт ата мемориалдық кешеніне келушілерді қызықтыратын негізгі нысан – қобыз бейнесіндегі ескерткіш. Кешен Самара-Шымкент тасжолында орналасқан соң жолаушылар «мұнда не бар екен?» деп арнайы ат басын бұрады. Әрі ескерткіш биіктігі – 12 метр, сондықтан алыстан көрінеді. Ал жергілікті жұрт үшін тарихи орын бұрыннан таныс. Музейде Жанкент, Шірік-рабат, Жетіасар алқабынан табылған түпнұсқа жәдігерлер мен тарихи экспонаттар бар. Деректі фильмдер мен күйлер топтамасы да осында қамтылған. Алыстан келетін жолаушылар үшін кешенге қарама-қарсы бетте арнайы орталық салынған. Онда намазхана, асхана, қонақүй қызметі қарастырылған. Кешенді аралау тегін, музейге кіру бағасы – 200 теңге, оқушыларға 100 теңге, ал экскурсия ұйымдастыратын гид жұмысы – 600 теңге, – дейді Айгүл Бермаханова.

Туризмді дамытудың жолдары көп. Соңғы уақытта жарнама жасаудың тағы бір жолы ретінде фильм туризмі ұсынылуда. Фильмдерде белгілі бір өңірдің ерекшелігін көрсету арқылы сол жерді жарнамалауға болады. Мысалы, Жаңа Зеландия «Хоббит», «Властелин колец» киноларын осы мақсатта түсірген. Сәйкесінше әлемдегі осы фильмнің фанаттары Жаңа Зеландияға ағыла бастады. Турист саны артқан соң, мемлекетке қыруар қаржы құйылды. Осы дүниені тәжірибеге алсақ болады. Себебі бізде де көрікті, адам көңілінен шығатын, қызықтап, тамсанып қарайтын жерлер өте көп.

«Тәңірге ғибадат етудің ең ғажап түрі – оның жаратқан әр сұлу құбылысына тамсану» деген тамаша тәмсіл бар. Анығында, ел аумағында туристер таңдай қағатын көрікті жерлер көп. Тек табиғаттың сондай көркем тартуын уақыт талабына сай ұқсата білсек, қанекей?!

Мөлдір САБЫРЖАН

Басы 1-бетте

Шиеліден шыққан талант

Әсіресе, мұңмен астасқан «Қимастық жыры» қызу талқыға түскені белгілі. «Үміт пен күдік арасындағы екіұдай сезім әншінің басынан өткен бе?» деген сауал тыңдарманды толғандырды.

– Әннің өміріме қатысы жоқ. Бұл бір-бірін сүйіп, қосылмай кеткен ғашықтардың тағдыры. Ертеректе үлбіреген қыздың жас күнін үзіп, өзінен үлкен адамға атастыру көп болды. Сондай сәтте сүйгенінен көз жазып қалған жігіттің мұңы, жүрек жарасы. Мәселен, Ақан серінің «Балқадишасы» да сол сарында. Сондықтан ән жазуыма осындай себептер негіз, – дейді ол.

Қазір шоу жасап, концерт беретіндер көп. Тіптен бір жылда өңір-өңірді аралайды. Ал Арман Көмекұлы концерт беруге асықпайтынын айтады. Әлі де тың туынды шығарып, жаңа трек жазбақшы.

– Шығармашылық кеште өз әндерімнің орындалғанын қалаймын. Қонақпен толтырып, концерт өткізгім келмейді. Яғни арнайы шақырылған әншілер бір әннен орындаса да жетеді. Өнерде ізденісті тоқтатпау керек. Мәселен, кавер орындауға болады. Бірақ өз шығармашылығыңды дамытуды жалғастырған жөн, – деді өнер иесі.

Нәзік АХМЕТ

Басы 1-бетте

ДОМБЫРАҒА ДАҚ ЖҰҚПАСЫН

Әлеуметтік желіде «домбыра шерту, беташар жасау, келіннің сәлем салуы – харам» деген мағынада айтылған пікір қоғамды екіұдай күйге түсірді. Осы пікірге қатысты азаматтар тарапынан Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына сауалдар көптеп түскен.

– Ислам әлеміндегі танымал ғұламалардың бірегейі Имам әл-Ғазали мен Әбу Ханифа мәзһабының көрнекті ғалымы Абдул-Ғани ән-Нәбулусидің көзқарасы бойынша дінді насихаттау, халықты отансүйгіштікке, имандылыққа, бірлік пен адамгершілікке шақыру мағынасында айтылған әнге рұқсат. Ал адамға жаман ой тастайтын, арақ пен әдепсіз іске үндейтін ән айтуға шариғатымыз тыйым салған. Ғұлама Абдул-Ғани ән-Нәбулуси өзінің кітабында: «Пайғамбарымыздың кейбір хадистеріндегі әуенге байланысты тыйымдар осындай теріс бағытқа жетелейтін әуендерге байланысты болса керек» (әл-Имамул-әкбар Махмуд Шәлтут, Әл-Фәтаауа. 355-бет) деп жазады.

Сан ғасырдан бері Ислам дінін ұстанып келе жатқан қазақ халқы ұлттық аспабымыз – домбыра арқылы ән, терме-толғау шырқап, тыңдаушыны имандылыққа, ізгілікке, адамгершілікке, Отанды қорғауға, ата-анамызды қадірлеуге шақырған. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы әлеуметтік желі қолданушыларын «домбыра шерту, беташар жасау, сәлем салу – харам» деген мағынада біржақтама, негізсіз пікір айтып, халық арасында түсінбеушілік тудырмауға үндейді. Ұлттық құндылықтарға қарсы келу дұрыс емес екенін мәлімдейміз, – делінген Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының хабарламасында.

Елді іштен ірітуді алдына мақсат қойған топтар дәл осы кезде қайыру бермей тұр. Бұл арандатушылардың түбін іздей бастасаң тым әріге тартып кетеді. Елді рухсыздандырудың алғы шарты рухани құндылықтарға қол сұғудан басталатыны белгілі. Себебі, ұлттық құндылықтардан айырылған ұлт, ұлт есебінде өмір сүруін тоқтатады. Сондықтан да сыртқы күштердің өз шіріген жұмыртқаларымыз арқылы жанды, жансыз рухани дүниемізді тартқылайтыны.

– «Адам ата жұмақтан жерге түскен соң көп жылдардан кейін, ол жақтағы сазды, сол сазды шығаратын аспапты сағынып, алғаш домбыра жасапты» дейтін, ата-бабамыз айтып кеткен қиссамыз қайда? Тіпті, Шыңғысқа Жошының қазасын естіртіп, ашуға булыққан қаған шанағына қорғасын құятын да осы домбыра еді ғой. Сонда, ұлт үшін қасиетті болған дүниелердің бәріне кім көрінген итше сарып кете бере ме? Бұл қасиетті аспап бүкіл өнеріміз бен мәдениетіміздің құндағында жетілген қара домбырамыз емес пе еді?

Он тоғызыншы ғасырда өмір сүріп, біздің дәуірімізге дейін аты өшпей келе жатқан Қашаған Есқали молдаға:

Қолымдағы қу ағаш,
Сайрап отыр бұл ағаш.
Асылы емен, қарағай,
Шыққан жері су ағаш.
Найзасына батырдың
Сап та болған бұл ағаш.
Дариядан өткенде
Пырақ болған бұл ағаш.
Қараңғыда жарығы
Шырақ болған бұл ағаш.
қаріп пенен ғасірге
Қуат болған бұл ағаш.
Жетім менен жесірге
Суат болған бұл ағаш
Жаңа дәрет алғанда,
Сәждеге басың салғанда,
Аузыңа салған мәсуәк
Ағаш емей, арқан ба?!

Боқтағаның қай ағаш? – деп қасиетті қара домбыраны қорғаштап запыран төкпеуші ме еді, – дейді жыршы, ҚР мәдениет қайраткері Берік Саймағанбетов.

Ұлтты ұйыта алатын қасиет пен кие атаулыны қаны қазақ азаматтар ғана қорғамаса, ол өзге ұлт пен өз ұлтымыздың ішінен шыққан шұбар жыландарға мүлде қажет емес. Ұлтқа зияны тиетін, ұлттық мүлдеге қайшы келетін, ұлттық құндылықтарымызды құрдымға жіберуге әрекет ететін кез келгенгн жаза тағайындалу керек. Өмірден өтем дегенше қазақтың рухын асқақтатып кеткен, батыр Бауыржан Момышұлы «Ұлт болам десең бесігіңді түзе» деген жоқ па... Сақтасақ ұлттығымызды сақтайық.

ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР ҰЛЫҚТАЛУЫ ТИІС

Кейінгі жылдары күн тәртібінен түспеген қоғамдық мәселелердің бірі – дін мен дәстүр мәселесі. Ғасырлар бойы ата-бабаларымыз дәстүр мен дінді қатар ұстап келгенін жақсы білеміз. Осы ретте, зайырлы мемлекет ретінде қоғамнан діннің бөлінуі мүмкін еместігін және дін мен дәстүрдің ажырамас құндылықтар екенін жақсы білуіміз керек. Себебі дін де, дәстүр де – қоғамдық қарым-қатынастарды реттеуші, олар бір-бірін толықтырып отыратындығы білікті дінтанушылар тарапынан әрдайым айтылып келеді. Тіпті Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы тарапынан да бірнеше жыл бұрын «Дін мен дәстүр» кітабы жарық көрді. Заманында Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) сахабаларына: «Дінді өзге халықтарға сіңдіру үшін сол халықтың салт-дәстүріне тиіспеңдер, нұқсан келтірмеңдер, егер шариғатқа қайшы келмесе», – деген еді. Осы сөзді ұстанған сахабалар мен дін таратушылар қазақ даласына келіп, қазақтың салт-дәстүріне, түріктік дүниетанымына негізделген ислам мәдениетін қалыптастырды. Оның көрнекті өкілдері ретінде Бекет ата, Бектеміс Ержан хазірет, Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы, Қожа Ахмет Яссауидің шәкірті сопы Шопан ата секілді тұлғаларды айтса болады.

Өкінішке қарай, соңғы жылдары түрлі ағым өкілдері діннің тазалығы жайында әңгіме айтамыз деп, қазақтың салт-дәстүрін ысырып тастап, өзінің теріс идеологиясын қабылдатқысы келеді. Олар тек Құранмен ғана жүруіміз керек деп, сүннет пен салт-дәстүрді тәрк етуде. Шәкәрім атамыз мұндай ағымдарды «шатақ діндер» деп атаған. Жат ағымды ұстанушылар анасын жылатып, атасын сыйламай «сенің қолыңнан тамақ ішпеймін, өйткені сен намаз оқымайсың, сендер кәпірсіңдер» деп талайы тура жолдан адасып келеді. Қазіргі таңда елімізде жат ағым өкілдеріне қарсы қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Бұл жұмыстың уақыт өте келе нәтижесін көріп келеміз. Яғни дәстүрлі дінге бет бұрып, жат ағымда жаңылып жүргендерін мойындауда. Олармен жұмыс жасау үшін әуелі олардың бойына ұлттық иммунитетті сіңіру керек екені айқын.

Ұлттық иммунитет дегеніміз – халқымыздың ұлттық салт-дәстүрі, өзіндік дүниетанымы. Халқымыз исламның тек сыртқы формасына ғана емес, оның ішкі мәйегіне де жақсы үңіле білген. Қай халықтың болсын салт-дәстүрлері сол халықтың мінез-құлқын, қасиеттерін таныта алады. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптары халықтың тұрмысына, тәрбиесі мен мінезіне, сеніміне қарай қалыптасып келеді. Бүгінгі таңдағы басты мәселе халықтың асыл қазынасын жастардың бойына сіңіре білу, рухани байлығынан сусындату, салт-дәстүрін, тілін, діні мен ділін үйрету. Дін адамның рухани қажеттіліктерін өтейді. Адамзат баласын ізгілікке, адамгершілікке бағыттай отырып, оны теріс қылықтардан сақтандырады. Әрдайым Құдайдың бар екенін еске салып отырады. Ал дәстүр – ұлттың қағаз бетіне түспеген заңдары десек те болады. Адамдардың қатынастарын жазбаша заңдарға дейін ғасырлар бойы салт-дәстүр қамтамасыз етіп келген дейді тарихшыларымыз. Осы ретте елімізде әлі күнге дейін халық арасындағы кейбір мәселелер салт-дәстүр арқылы реттеліп келе жатқанына куә болып жүрміз.

– Дін мен дәстүрдің қоғамдағы алатын орны жоғары, ұлттық құндылықтар дұрыс қалыптасу үшін де атқарар маңызы өте зор. Дін – адамдық ізгі қасиеттерімізді асқақтатса, салт-дәстүр – ұлт болып қалыптасуымыз үшін қажет. Әр халықтың өзіне тән, қоғамның дамуына байланысты ерекшеліктері болады. Мәселен, еліміздің ұлан-байтақ жерді алып жатуының өзі ғасырлар бойы халқымыздың бойындағы, батырлық пен ерлік дәстүрін тудырған. Қазақ – ұлттық дәстүрге ерекше мән беретін халық. Дәстүр – ұлтты рухани жандандырып, оның ішкі және сыртқы келбетін өрнектеп, көрсетіп тұратын сипаттар. Дін мен дәстүр – қашанда бір-бірімен сабақтас ұғым. Екеуі егіз тақырып десек те болғандай, – дейді облыстық «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінің наиб имамы Қайырбек Отызбаев.

Ислам – адамгершілік пен парасаттылықтың, қайырымдылық пен ізгілік діні. Осынау асыл дінді әр саққа жүгіртіп, бұрмаламай өзінің тұнық қайнарынан үйренуге тырысқанымыз жөн. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасып келген дәстүрлі дінін, әдет-ғұрпын жоққа шығармайық.

Айдар САЙЛАУОВ

ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Жуырда «Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі дәстүрлі және инновациялық құндылықтар үдерістерін мәдени талдау» ғылыми жобасы ұйымдастырылды. Аталған зерттеулер барысында жастар инновациялық құндылықтарға басымдық беретіні, аға буын өкілдері бұл үрдіске күмәнмен қарайтыны байқалды. Осы себепке байланысты, дәстүрді қабылдаудағы жастар мен ересектер арасындағы ерекшеліктерді анықтағым келеді.

Жастар мен ересектердің аталған құндылыққа қатынасы туралы түрлі көзқарас айтуға болады. Мәселен, кейбір жас да, ересек те ежелден келе жатқан мәдени нормалардың сақталуын бағалап, дәстүрлі көзқарастарды ұстанады. Бұл жайында тұрақтылық, сабақтастық және қауымдастықтың бірегейленуін сезінуді қамтамасыз етеді деген пікір де бар. Дегенмен, жастар арасында заманауи әлеуметтік өзгерістерді көрсететін идея қоғамның ажырамас бөлігіне айналуда.

Бұл тұста ұрпақ алшақтығы туындауы мүмкін. Олай дейтініміз, жастар мұны қабылдауға бейім болса, аға ұрпақ дәстүрлі құндылықты қолдауға жақын. Осы қарым-қатынаста қоғамның мәдени тамыры көзқарасқа айтарлықтай әсер етеді. Кейде азаматтар ахуалға байланысты қос ұғымды қатар мойындап, прагматикалық көзқарасты қабылдайды. Біздің ойымызша, бұл топ үйлесімді және прогрессивті қоғам құру үшін ескірмейтін қағида мен жаңа идеяның теңгерімді интеграциясын қалыптастыратындай.

Бұған экономикалық және технологиялық факторлар да әсер етеді. Жастар инновациялардың экономикалық өсу мен технологиялық прогреске ықпалын білгендіктен, оларды қабылдауға құлықты. Сондықтан қазіргі барлық әрекет электронды нұсқаға ойысуына байланысты барлық қоғам мүшелері осы инновацияға бейімделуі қажет. Жастар мен ересектер инновациялық игілік теңдікке ықпал ететіндіктен қолдау білдіреді.

Білім беру саласындағы түрлі көзқараспен таныс жастар да ашық пікір білдіре алады. Ал дәстүрлі білім беру жүйелері тек консервативті ойлауға ықпал етеді деген қорытындыға келдік. Бұқаралық ақпарат құралдары мен ақпарат көздері де мәселеге қатысты көзқарасты қалыптастырады. Медиа арналар арқылы түрлі идеяға ықпал жасау адамдарды өркениет жаңалығын қабылдауға ынталандырса, шектеулі ықпал ұлтты таңдауға әкеледі.

Демек, жастар мен ересектер арасында ерекшеліктер болады деуімізге негіз бар. Осы ерекшелікке ұрпақтар арасындағы айырмашылық, өмір тәжірибесі, мәдени контекст және түрлі әлеуметтік ықпалға ұшырау секілді түрлі фактор әсер етеді.

Жастардың соны қабылдауға бейім болуы өзгерістер мен прогреске ұмтылысынан көрінеді. Ересек адамдар қалыптасқан нормалар мен тәжірибеге негізделген дәстүрлі құндылыққа бейім болуынан байқалады. Жастар, әдетте, өзгеріске дайын, заманауи мәселелерді шешудің жаңа идеялары мен тәсілдерін іздейді. Ересектер болса, ғасырға жалғасқан әдет пен тұрақтылықты қалайды. Мәдени және әлеуметтік өзгеріс қос құндылықты қабылдаудағы айырмашылықтарға әкеледі. Жас ұрпақтың дамып келе жатқан мәдени ландшафтын ұғынуы олардың жаңашылдықты қабылдауына әсер етпек.

Жастар жаңа технология, әлеуметтік құрылымына байланысты инновацияны кеңірек қолдайды. Әрине, ересектер бейімделуге қабілетті болса да, өзгеріске мұқият қарап, дәстүрлі құндылықтың тұрақтылығын бағалайды. Түрлі тәжірибені бастан өткерген ересектер уақыт сүзгісінен өткен даналыққа көбірек мән береді. Олар құндылықты уақыт сынағынан өткен қағидалар ретінде қарастырады.

Жастар цифрлық медиа мен ақпарат көзін көбірек қарайтындықтан, олардың құндылықтарды қабылдауына түрлі көзқарас әсер етеді. Дәстүрлі медиаға сүйенетін ересектердің түсінігі шектеулі болуы ықтимал. Жұмысты жаңа бастаған жастар экономикалық инновацияға байланысты құндылықтарға басымдық береді. Мансап түрін көрген ересектер тұрақтылықтың негізі болған құндылықтарға көбірек мән береді.

Ата-ана құндылықтары мен ықпалы да ерекше рөл атқарады. Ата-аналар, бала мен отбасы арасындағы динамикалық өзара әрекеттесу құндылық қайшылығына әкеледі. Өкініштісі, көптеген жас ата-ана тәрбиесі ықпалынан әке-шешесіне ұқсас құндылықтарды іздейді.

Бұл жастар мен ересектер арасындағы үдеріс үздіксіз диалогқа елеулі үлес қосады. Мәселе бойынша қоғамдағы көзқарас аталған екі ұғымның өзара әрекеттесуі туралы пікірлердің әралуандылығын көрсетеді. Мәселеге жалпылама түсінік бергенімізбен, екі құндылық арасында жеке айырмашылық бар. Сондай-ақ жастар мен ересектер арасындағы қабылдауда ерекшеліктер сезілетінін айтқымыз келеді.

Мұрат НАСИМОВ,
саяси ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

ЖЕТІ...

детектив іздеген деректер

Әл-дәрмені құрыған ССС Полиция бөлімшесіне барып, қолына 7 қарға ұстаған бейтанысты босатты. Оның қолындағы белгі армиядан бері бар екендігі анықталды. Ал, кешке марқұмның үйін төңіректегені – көзі нашар көріп, бауырының үйімен шатастырғандығынан. Ж көшесін сондықтан сұрапты. Қашқаны – қорыққаны. Детектив үйіне көңілсіз қайтты. Ас-ауқатқа да тәбеті шаппады. Төсегінде ұзаққа дейін дөңбекшіп ұйықтай алмады. Көз алдына қандықол қарақшының қап-қара сұлбасы келе берді, келе берді. «Қылмыскер кім? Оны қалай тұтқындаймын? Неге ол нақ сол әулеттің адамдарын өлтіріп жүр?» деген сауалдар шақшадай басын шарадай қылды. Сол кезде марқұмның әйелі қоңырау шалды. Есімі – FFF.

– Сәлеметсіз бе! Мен бір маңызды мәселе жөнінде айтуды ұмытып кетіппін...

– Қандай?! – деп детектив орнынан тұрды.

– Біз осыдан 7 ай бұрын ӨӨӨ деген кісіні қызметінен босатқанбыз. Бұған себеп – оның ақыл-есінен айырылғанында. Бірде менің күйеуім ӨӨӨ-ге дауыс көтергенде, ол аласұрып: «Жарып тастаймын!» – деп пышақ ала жүгірген.

– Содан...

– Ол бізде аула сыпырушы боп жұмыс істеді. Оның жанында III деген досы бар тұғын. Біз оны бұрынырақ, 17 ай бұрын жұмыстан шығарғанбыз.

– Сіздің ойыңызша, қылмысты бір емес, екі адам істеуі мүмкін бе?

– Иә!

– Мұны алдымен дәлелдеу керек, ал екіншіден жынданған адамды соттай алмаймыз.

– Әулетіміз үшін ең маңыздысы – қылмыскерді құрықтау...

– Бұл екеуін қайдан табамыз?

– Қала сыртындағы Орталық көпір жақтан. Мен сізге жол көрсетіп отырамын.

– Онда, дайын отырыңыз. Қазір мен сізге барамын...

***

FFF мен ССС ӨӨӨ мен III-ні Орталық көпірдің астынан іздеді. Көзге түртсе көргісіз қараңғы түнді қақ жарған жарық сұғанақ итше әр бұта, әр тал-терек, әр қуысқа «тұмсығын» тықты. Қаптаған бомждар. Бірақ әлгі екеуі олардың арасында жоқ боп шықты. ССС сұрастырып еді, бомждар оларды көрмегеніне 17 күннен асқанын айтты. Бір кезде: «Әй, ӨӨӨ! Кеттік!» – деген дауыс естілді.

– Бұл III ғой! – деп FFF елікше елең ете қалды.

Детектив дауыс шыққан жаққа қарай жүгірді.

– Тоқтаңдар! – деп айқай салды FFF.

– Тыныш! – деп жігіт екеуінің ту сыртынан барғаны сол еді, қып-қызыл қырғын басталды. III мен ӨӨӨ детективке жабылды. Алайда, кикбоксинг пен күреспен шұғылданатын ССС екеуін екі жаққа сұлатты да, қолдарын қайырған күйі көлікке отырғызып, бөлімшеге алып барды. Көздері көгеріп, еріндері жырылған, беттері сырылған III мен ӨӨӨ біразға дейін сөйлемеді. «Жығылғанға – жұдырық» дегендей, әйел ССС-ға екеуін әбден жамандап, қылмысқа қатысы бар екендігін жеткізген-ді. Жаны қиналған ӨӨӨ мұндай әділетсіздікке төзе алмай, орнынан атып тұрды. Жігіт «отыр» дегендей белгі берді де әйелге:

– Кім қалай айтса да ақ-қарасын Заң анықтайды. Сондықтан да... Сізге дәлелсіз әңгімелерге жол жоқ екенін ескертуге тиіспін!.. – дегенде барып ӨӨӨ орындығына қайта жайғасты. – Бөлмені босатыңыз. Мен қос күдіктіні тергеуім керек. Әйел ӨӨӨ мен III-ге кезек-кезек қарап, «бұлар бір нәрсе айтып қоя ма екен» дегендей ұзаққа дейін кеткісі келмей, есіктің аузында тұрды. Детектив оның оңайшылықпен шықпайтынын түсінген соң, өзі шығарып салуға мәжбүр болды. Соның арасынша FFF конвертке ақша салып, ССС-ға бергісі келіп еді, ол қолын қағып жіберді де есікті тарс жапты.

– Атыңыз кім? – деді III сұраулы жүзбен.

– ССС! Бірақ детектив дей беріңіз!

– Біз кінәлі емеспіз детектив мырза! Ана әйелдің айтқаны өтірік... оның қандай жауыз екенін білсеңіз ғой, шіркін, – деді III асыға-аптыға сөйлеп.

– ӨӨӨ мырза! – деді жігіт қағазына бір қарап.

– 7 ай бұрын марқұмның үйінде жалданып істеп жүрген жеріңізден жұмыстан шыққаныңыз рас па?

– Ра-а-ас!.. ра-а-ас!.. – деді ӨӨӨ көңілсіздеу сөйлеп.

– Тірісінде неге ренжістіңіздер? Неге пышақ ала жүгірдіңіз?

– О-о-ол ту-у-уралы... айта бер-р-р-рсең... ә-ә-әңгім-е-е тау... с-с-с-с... ылар емес-с-с-с... – деп кінәлі кісідей көзімен жер шұқыды.

– Мен айтайыншы детектив мырза! – деді III кимелеп.

– Өзі айтсын!

– Ол психологиялық ауруға шалдыққан соң жөнді сөйлей алмай қалған. Кейде, айтқалы отырған сөзін ұмытып қалады, ал кейде тіпті сөз бен сөзді қиюластыра алмай қиналады. Шынтуайтында, Сізден қорыққанынан ғана сөйлеп отыр. Бәріне кінәлі – ана қатын.

– Неге? – деді ССС қағазға бір дүниені сүйкектетіп жазып.

– Ол үйде мына досым екеуміз бірге істедік. Оны білетін боларсыз?! Бір күні... жатқан жері жаннатта болғыр ағамыз... жақсы кісі еді... ӨӨӨ-ге көмек есебінде көп ақша берді. Оны ана қатын көріп, адам жалдап, ұрғызып, бәрін тартып алды. Ал, кейін әлгі әйел ағамызға қастандық жасап, өлтіртпекші болғандығы туралы білген ӨӨӨ-ні ол жындыханаға апарып тықты. ӨӨӨ-нің ағаға пышақ алып жүгіргені шындық. Бірақ, неге?

– Неге? – деді детектив ойлы қалпынан танбай.

– ӨӨӨ ағаға: «Сізге әйеліңіз қастандық жасағалы жүр! Сақ болғайсыз!» – дегенде ол кісі сенбей, досымды елдің көзінше шапалақпен бір тартып, ұрып-ұрып жіберді де, қоя берді. Сол кезде еркектік намысы тапталғанына арланып, ол пышақ ала жүгірді. Күзетшілер ажыратты да, әйелінің айтуымен досымды жындыханаға қамады. Қолыма қомақты ақша ұстатып: «Екінші рет сені бұл жерден көрмейтін болайын! Көрсем аямаймын!» – дегені әлі есімде. Ана қатын жан досымнан кешірім сұрасын. Сонда адам алдында да, Алла алдында да ары таза болады. Дәл осы сөздің айтылуы мұң екен, жігіт лезде-ақ әйелге қоңырау шалып, ӨӨӨ-ден кешірім сұрауын өтініп еді, ол ашу шақырып, кедей кепшіктің алдында бас иетін әдеті жоқ екенін айтты. ССС дәл осы жайтқа қайран қалды. Бағана неге кеткісі келмей тұрғанын енді ғана түсінді. Егер екеуінің көзін құртқысы келсе, неге ұстап берді? Мақсаты қандай? Әлде полиция қыбын тауып, түрмеге қамап, істі жауып тастайды деп ойлады ма екен, кім білсін? Сұрақ көп, бірақ жауап жоқ... Сол түні тағы бір адам қандықол қарақшының қолынан қаза тапты. 27-інші қазан еді. Жаңағының маңдайында: домалақ ішіндегі бес жұлдыз ойылған пентаграмма бар екен. Жігіттің жігері құм боп, салы суға кетті. Енді, не істемек керек?!

***

Қылмыскер табылмаған соң іс тоқтатылды. Сөйтсек, кейіндеу анықталғандай адамдарды өлтіріп жүрген бұл – жанындағы Қарға кейпіндегі Жаналғыш[1] екен. Сол күні қалада «қарқ-қарқ» деген дауыстар біразға дейін жан-жақтан естілді де, бір заматта сап тыйылды. Детектив содан кейін ол Қарғаны көрмеді...

– Ажалдың алдында заң дәрменсіз! – деп ССС Көкке қарады да ұзын көшемен кетіп бара жатты. Артына қараған жоқ... Өйткені алдында оны әлі талай-талай қызықтар күтіп тұрғанды!..

Әлібек БАЙБОЛ

Соңы. Басы өткен санда

ХИМИЯДА ҚЫЗЫҚ КӨП

Болашақ химиктерге, медицина саласын таңдап отырғандарға және дәрігер болғысы келетіндерге міндетті түрде химияны білу қажет. Ал химияның негізі – мектептегі химия сабағынан басталады. Егер мектепте химия пәнін түсінбей қалсаң, болашақта бұл үлкен кедергіге айналады. Сондықтан мектепте химияны барынша түсініп, түсінбегеніңді мұғалімнен сұрап, ерінбей оқып, дайындалған жөн.

Химияда оқушыларды қызықтыратын құбылыстар аз емес. Қызығушылық адамның рухани және дене күшінің дамуының аса маңызды шарттары болып, ой-өрісін кеңейтіп білім алуға жетелейді. Оқушы қызықты сабақты зор ынтамен қабылдайды және жақсы оқиды. Жаңа заманауи технологиялар даму заманында мұғалімнің күнделікті сабақта компьютер, интерактивті тақта қолдануы сабақ кезеңін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Химия пәнінің ерекшелігі сабақ барысында химиялық эксперименттер болуы, бірақ көптеген

себептер болғандықтан кейбір зертхана жұмыстары сабақ барысында өткізілмейді. Осындай кездерде электрондық оқулықтар, бейнетәжірибелер қолданылады. Олардың тиімділігі тәжірибені қайта көрсетіп қайталау мүмкіндігі, жақсы көрінуі, қауіпсіздігі. Сабақта интерактивті тақта қолдану сабақ үрдісін тиімді қолданумен қатар оқушылардың сабақты жақсы меңгеруіне, үнемделген уақыт оқушылардың өз бетінше білім алуына себеп болады.

Баланың оқуға деген ынтасы казіргі кезде төмендеп бара жатқаны мұғалімдерге мәлім. Қандай болсын мұғалім осы мәселемен күнделікті кездеседі. Сондықтан баланың білім алуға деген құштарлығын ояту үшін қазіргі заманда мұғалім көп ізденіп, сабақтың тиімді өтуіне жұмыс жасауы қажет. Білім сапасы оқушының білімге деген құштарлығына, қызығушылығына тікелей байланысты. Көпжылдық еңбек нәтижесінде көріп жүргеніміздей, оқушылардың оқуы сонымен білім сапасы оқу барысында ғана сабаққа тікелей қатысуы, сабақ барысында тек мұғалімнің айтқанын ғана жазып, сызып қоймай өз бетінше білім алуға жағдай жасалуы керек. Сонда ғана оқушы білімге өзі ұмтылатыны және алған білімін одан әрі дамытуға қызығатыны анық.

Анар ӘТЕЕВА

ПЕДАГОГ МІНДЕТІ

Адам баласы дүниеге келгеннен бастап өмірді танып, білуге ұмтылады. Онсыз өмірді толық әрі қанық сүру әсте мүмкін емес. Мінекей, осы сәттен бастап «Ұстаз» ұғымы қалыптаса бастайды. Адам өз білгенімен бөлісуі, ұрпағына үйретуі тиіс. Демек, ұстаздық қасиет мінезбен қалыптасқан ілім. Ұстаз бен мұғалім ұғымдары қатарлас, мағыналас. Мақсаты – ілім, білім, тәрбие беру.

Қазіргі заман мұғалімі бұрынғы мұғалімдерден ерен ерекше деп айтуға болмас. Мақсат пен мүдде өзгермейді. Қай кезде де мұғалім, ұстаз білімімен, болмыс, бітімімен үлгі және осы киелі ұғымға кір келтірмеуге тиіс. Киелі деп айтуға толық құқылымыз, себебі, қай ел, қай заманда болсын ілімді адамға және сол ілімді таратушыға құрмет көрсеткен. Сондықтан ұстаздық – бойға қанмен сінген ігі қасиет болуы тиіс. Ұстазды заманына қарай ерекшелендіретін жайт тек жинақталған білімнің өзі, даму сатысы.

Бүгінгі әлем ақпараттарына айналған заманда қарттан еңбектеген балаға дейін күнделікті қажетті ақпаратты орталықтандырылған әлеуметтік желіден ала алады. Бүкіл ғалам біртұтас желіге айналғандай. Ықылым замандардан жинақталып келген тәжірибе, ғылым, білім дайын күйде оқырманына жол табады. Ақпарат көзіне есеп жоқ. Оның ішінде жаманы, жақсысы, пайдалысы, зияндысы шиеленісіп жатыр. Сараптаушы тек адамның өзі. Міне, осы орайда ұстаздың, мұғалімнің рөлін басып айтуға болады. Мұғалім тек қана білім беруші ғана емес, дұрыс жолды бұрысынан айыра білуші, тиісті бағыт-бағдар беруші. Кез келген ақпаратты мақтадай сіңіруші жас буынға дұрыс ілім беріп, жол көрсететін, мәнсізден мәндіні саралап көрсететін, қажетті ақпаратты нұсқаушы – осы мұғалім.

Қазіргі педагогтарға талаптар өте көп. Заманауи, коммуникативті, үш тілді меңгерген, жан-жақты білімді, технологияларға икемді, жаңа әдіс-тәсілдерді тез игеруші, сонымен бірге шәкіртжанды, мейірімді, стресске төзімді, сабырлы т.с.с. адами қасиеттерін жоғалтпауы тиіс. Бір ғана маман иесіне қаншама талаптар қойылып отыр. Ал егер жай ғана адами тұрғыда қарайтын болсақ, жоғарыда келтірілген талаптардан бөлек, мұғалім ең бірінші адам, ата-ана, отбасылы жан екендігін ұмытпауымыз қажет.

Тәрбиеші бір мұғалім ғана емес, негізгісі ата-ана екендігін ұмытпаған жөн. Қазіргі таңда үйдегі тәрбие кілті баланың өз қолына, яғни әлеуметтік желіге беріліп қойған отбасылар көп. Ұялы телефон, смартфон жаулап алғанын мойындаймыз. Демек, баланы қажетсіз ақпараттан қорғау, тәрбиесін қолдан жібермеу еңбекке баулу, білімін дұрыс толықтыру – екі жақты талапты қажет ететін жұмыс.

Темірлан МЕШІТБАЙ

Әлемді аралау туралы ой әрбір адамның арманы екені анық. Бірі бұл мақсатқа жету үшін көлікті таңдаса, енді бірі ұшаққа жүгінетіні сөзсіз. Алайда бүгінгі кейіпкеріміз – жиһанкез Сәрсенбай Қотырашев әлемді жаяу аралауға бекіген жанның қатарында. Ол жуырда Қазақстанның батысынан Түркияның Ыстамбұл қаласына дейін жаяу барған. Бүгінде ауа-райы қолайсыздығына байланысты елге оралған азаматтың қызықты хоббиіне шолу жасап көрейік.

ЖАЯУ ЖИҺАНКЕЗ

2022 жылы арнайы дайындалып, қазақ даласын шарлаған Сәрсенбай ата өткен жылы бірнеше Балқан, Кавказ елін шарлап, Грузияның Батуми қаласынан түрік шекарасына өтіп, Түркияда болды. Тіпті қасиетті Анадолы жерін бел ортадан басып өтіп, Түркияның бас қаласы Анкараға аяқ басты. Адам баласы үшін айтар сөзі таусылмаған, өнеге-үлгіге толы атаны Анкарада Қазақстан елшілігі қызметкерлері күтіп алып, жиһанкезді өкілетті елші Еркебұлан Сәпиев қабылдаған болатын.

Шебер ұста, қадірлі азамат Сәрсенбай Оспанұлы өзінің өмірдегі еңбегін еліне арнап келеді. Еңбек жолын 17 жасында туған жері Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданында бастаған ол қойшы, жүк тиеуші, одан соң қолына күрек-балғасын ұстап, құрылысшы болып еңбек еткен. Сонымен бірге тас қалаушы, балташы және автокраншы міндеттерін қатар атқарады.

1973 жылдан 2001 жылға дейін Жаңарқа ауданында қарапайым қара жұмыстан бастап шаруашылық бөлімінің меңгерушісі, агроном, өндіріс орындарында бас шебер қызметтерін атқарып келген. 2001-2004 жылдары Жезқазғанда қаржы бақылау комитетінде шаруашылық бөлімінің меңгерушісі, Кеңгір кентінде «Балапан» құс фабрикасында темір ұстасы болды. Жасынан еңбекқор Сәрсенбай қай жерде еңбек етсе де жасаған ісі сапалы. Қарапайым әрі біртоға

мінезімен әріптестеріне, қоршаған ортасына, отбасына сыйлы.

«Елді жаяу аралаудағы үш мақсатымның бірі – Ұлытаудың қазақ тарихында ерекше рөл атқаратынын көпшілікке насихаттау болды. Екінші мақсатым – Қазақстандағы қолөнер шеберлерінің тізімін жасақтау. Олармен кездесіп, бас қосу. Үшінші, ұмыт болып бара жатқан ұлттық қымызмұрындық мейрамын қайта дәріптеп, елге маңызын түсіндіру. Себебі дүниежүзінде жылқыны бірінші болып қолға үйреткен – қазақ халқы. Бие сауып, қымыз ашытып, қымыз ішуді бастаған да қазақ. Осыдан 5 мың жыл бұрын қымыз мейрамы пайда болған. Елімізде қымыз мейрамы Қазан төңкерісіне дейін тойланып келді. Кейін тыйым салынды. Кезінде Наурыз мейрамы секілді ұмытылып кетті. Ешкім біле қоймайды, білетіндер бірен-саран. Осы орайда қымыз мейрамын қайта жандандыратын уақыт келді, – дейді ақсақал.

Шебер кісі өзінің алтын қолды өнерін Ұлытау болашағын көтеруге де жұмсап келеді. Ол 2006-2007 жылдары Ұлытау ауданындағы «Терісаққан» ауылында мешітті салып, ел игілігіне табыстаған. 2007-2010 жылдары «Қазақмыс» корпорациясының өндірістік темір жол мекемесінде темір ұстасы міндетін атқарып, Ұлытауда «Гүлсара ана» ембұлағына абаттандыру жұмысын жүргізді. Онда бұлақтың іргетасын қайта қалап, жалғыз аяқ тасжолын төседі. 2010 жылдан бері «Ұлытау» қорық-мұражайының архитектура бөлімінде темір ұстасы әрі құрылысшы болып, Әулиетауға тағзым етіп келушілерге арнап «Тағзым үйі» құрылысын жүргізіп келеді. 2011 жылы ашылған қайта жөндеу ұстаханасында темір ұстасы ұстасы ретінде көрік жасап, темірден тұрмыстық бұйымдар жасады. Олардың ішінде коршау шарбақтары, терезе торлары, саты жақтаулары және тағы да басқа өнім түрі бар. 2012 жылы сол кездегі Ұлытау ауданы әкімі Әнуар Серікбайұлының қолдауымен, ауданда туризмді дамыту мақсатында, Әулиетау етегінің алғашқы сатысының қалыптарын темірден жасап, саты көтеру жұмыстарына атсалысты. Бұл іс, киелі де қасиетті Ұлытау халқының және тағзым етіп келушілердің көптен күткен арманы еді.

– Әлемді жаяу аралауға ұзақ уақыт ойланып, толғанып барып шешім қабылдадым. Қазақстанды жаяу аралап шыққаннан кейін біршама уақыт демалып, өзіме келіп алған соң енді әлемнің де көрікті жерін жаяу жүріп өткім келді. Шетелге шыққанда кішкене қобалжу болды. Мысалы, Ресей бұрынғыдай емес, мінез-құлықтары басқаша. Оған, әсіресе соңғы уақыттағы, геосаяси жағдайлар мен соғыс өрті тұтануы себеп болды деп ойлаймын. Бірақ кавказ халықтары өте көп қолдап, қошемет көрсетті. Халқы қонақжай екен. Жаяу жүріп бара жатқанымда жүгіріп келіп, «Біздің үйге қоныңыз, қонағым боласыз, қонақүйді қайтесіз» деп қонаққа шақырды. Кір-қоңыма дейін жуып берді, – дейді жиһанкез.

Рыбакина – WTA 500 турнирінің жеңімпазы

Қазақстандық теннисші Елена Рыбакина 2024 жылдың алғашқы чемпиондық атағына қол жеткізді. Ол Брисбенде (Аустралия) өткен WTA 500 турнирінің жеңімпазы атанды.

Елена Рыбакина WTA турнирінің финалында белорус Арина Соболенконы ұтқан болатын.

Турнирдегі жеңісі үшін Елена 220 000 доллар және 500 рейтингілік ұпайға ие болды. Ал финалда жеңілген Арина Соболенко 135 000 доллар мен 325 ұпай еншіледі.

Енді Елена Рыбакина 8-13 қаңтар аралығында Аделаидада өтетін (Аустралия) Adelaide International турнирінде бақ сынайды. Сонан соң Australian Open-ге қатысады. Былтыр ол Аустралияның ашық біріншілігінде финалға дейін жетіп, үш сет қорытындысы бойынша Соболенкоға есе жіберген.

ДАСТАН ОРДАБАЙ ЧЕМПИОН АТАНДЫ

Аустралияның велоспорт Федерациясының (AusCycling) және Sport Inclusion Australia-ның бірігуімен бүкіл әлемнің мықты велосипедшілері жиналды. Para cycling чемпионаты World Cycling Series-ке кіреді. Оған 62 параатлет қатысты. UCI Para-cycling кластары дене, көз, интеллектуалды және есту бұзушылығы бар спортшылар да бағын сынай алады.

Қазақстаннан аутистік спектр ерекшелігі бар «Интеллектуалдық бұзылуы бар адамдарға арналған спорт федерациясы» РҚБ-нің параатлеті Дастан Ордабай қатысты. Дастан II-3 (зердесі зақымдалған) санат бойынша 18,8 км қашықтықтағы жеке жарыста уақытқа (Time trial) және 5,5 км қашықтықта критериумге (Criterium) қатысты.

«Дастан Ордабай екі алтын жеңіп, тұңғыш азиялық аутист спортшы атанып, ел спортының мерейін асырды», – деді «Интеллектуалдық бұзылуы бар адамдарға арналған спорт федерациясы» РҚБ-нің Президенті Дина Темірғалиева. Жарыс Аустралияның Virtus ұйымына мүше велоспорт федерациясымен (AusCycling) және Sport Inclusion Australia бірлесіп ұйымдастырылып, UCI бақылауымен өткізілді.

ДЗЮДОШЫЛАРДЫ ЕЛДОС БАСТАП БАРАДЫ

Дзюдодан жаңа маусымдағы екінші ресми жарыс – Париждегі Grand Slam турниріне қатысатын балуандар белгілі болды.

Ұлттық олимпиадалық комитеттің мәліметінше, бас бапкер Нұрбол Сүлейменов жеті балуанға үміт артты. Олар: Елдос Сметов, Нұрқанат Серікбаев (60 келі), Ғұсман Қырғызбаев, Есен Қуанов (66 келі), Асқар Наркұлов, Данияр Шамшаев (73 келі), Абылайхан Жұбаназар, Руслан Мұсаев (81 келі), Айдар Арапов, Ермахан Әнуарбеков (90 келі), Нұрлыхан Шархан, Бекзат Шағатаев (100 келі), Ғалымжан Қырықбай, Ерасыл Қажыбаев (+100 келі).

Сонымен қатар Португалияның Одивелаш қаласында 26-28 қаңтар аралығында дзюдодан «Grand Prix Portugal» турнирі өтеді. Бұл сайыста ерлерден 13, ал қыздардан 6 қазақстандық дзюдошы бақ сынайды.

Еліміздің ертеңі бүгінгі жас жеткіншектер десек, сол өскелең ұрпақтың спорттық, шығармашылық әлеуетіне баса назар аударғанымыз жөн. Ол үшін ең алдымен елімізде бұқаралық спортты дамытып, спорттық инфрақұрылымдардың балалар үшін барынша қолжетімділігін арттыру қажет.

БАЛАЛАР СПОРТЫНДАҒЫ БАСЫМ БАҒЫТТАР

Мемлекет басшысы өз сөзінде отандық спортқа шұғыл әрі тиімді реформалар жүргізу қажетін айта келе, бұқаралық және балалар спортын дамытудың маңыздылығына ерекше назар аударған болатын. Ол: «Бұқаралық спортқа, балалар спортына барлық жағдайды жасау керек. Облыс әкімдері спорт инфрақұрылымының кезең-кезеңімен құрылуын қамтамасыз етуі тиіс», – деген болатын.

Сол-ақ екен, бұқаралық және балалар спортын дамыту мәселелері Үкіметтің ерекше бақылауына алынды. Олай дейтін себебіміз, енді бұқаралық және балалар спортымен айналысудың қолжетімділігін арттыру үшін халықтың спортпен шұғылдануын кемінде 35% нәтижеге жеткізу міндеті жүктелді. Ол үшін әкімдіктерге мемлекеттік спорттық тапсырыс көлемін ұлғайту, қосымша балалар мен жасөспірімдер клубын, балалар-жеткіншектер спорт клубын ашу, тегін спорт секцияларын кеңейту жөнінде арнайы тапсырма берілді.

Жергілікті әкімдіктер балалар мен жасөспірімдерді спорттық және шығармашылық үйірмемен қамтамасыз ету ісіне салғырт қарап отырғанын да көпшілігі жақсы біледі. Көптеген ауылда спорттық кешендер жоқтығы-қасы. Көңілге медеу болары, балаларды күреске, дзюдоға, боксқа дайындайтын спорт үйірмелері жұмыс істеп тұр. Бұл спорт түрлеріне жеткіншектер көп барады. Сондықтан шығар, аталған спорт түрлерінде бәсеке жоғары. Бірақ күрес, дзюдо, бокстан басқа спорт түрлерін дамытуға ауылдық жерлерде лайықты деңгейде жағдай жасалмаған. Бұл мәселені спорт мамандарының өздері де бірнеше рет көтеріп, талқыға салды.

«Көптеген ауылдық жерде спорттық кешендер жетіспейді. Спортпен айналысатын жеткіншектер бір залда жаттығады. Жағдайдың жоқтығынан волейбол, баскетбол, күрес, өзге де спорт түрін бір жерде өткізуге мәжбүр. Жерде спорттық кешендер көптеп бой көтерсе, спорттық үйірмелердің саны артып, қымбат спорт түрлері де қолжетімді болса, балалар спортындағы көп мәселе шешім табар еді, – дейді спортшы Мақсат Барлыбай.

Байқасақ, қалалық жерде де кейбір спорт үйірмесіне баруға балалардың ата-анасының қалтасы көтермейді. Сондықтан жеткіншектер өздері қалаған спорт түрімен айналыса алмайды. Бағасы қымбат спорт үйірмеге спорттық гимнастика, суға секіру, көркем гимнастика, үлкен теннис жатады. Ал шайбалы хоккей, суда жүзу, синхронды жүзу, волейбол, мәнерлеп сырғанау тіпті қымбат. Ескекпен жүзу, нысана ату, допты хоккей, су добы сияқты спортқа баратындар ілуде біреу. Осыдан кейін бұл спорт түрлерінен ел намысын қорғауды сырттан келгендерге сеніп тапсырмасқа амал жоқ. Егер бұл қолжетімді болмай тұрған спорт түрлеріне ерекше көңіл бөліп, дамытар болсақ, жеткіншектерді осы спорт түрлеріне баули алсақ, өзімізден де шын мықты спортшы көп шығуына жағдай жасаймыз әрі келешекте легионерлерге сенім артуды доғарамыз. Ол үшін бірінші кезекте балаларға арналған барлық спорттық үйірмелердің қолжетімді болуы маңызды. Жаттықтырушылардың қызметін жоғары бағалап, балалардың еркін жаттықтыруына жол ашқан дұрыс.

Ендігі кезекте бұл жұмыстар жер-жерде мықтап қолға алынбақ. Жоғарыда атап өткеніміздей, бұған дейін кәсіби спорт клубтарын ұстауға бағытталған қаржы халықты, ең алдымен балаларды денешынықтыру және бұқаралық спортпен айналысуға тартуға бағытталады. Балалар мен жасөспірімдер және балалар мен жастар клубының саны барлық тірек ауылда салынбақ.

Бұқаралық спортты өркендету ісі елімізде жаңа чемпиондардың өсіп шығуына жол ашады. Сондай-ақ бұл саламатты, белсенді жастардың негізін қалыптастырады. Байрақты бәсекелерде Қазақстанның көк туын биікте желбірететін саңлақтарымыздың көп болғанын қаласақ, жоғарыда аталған мәселелер шешім табуы тиіс.

А.ЖҰМАШ

Жинақтаған
Б.ШАҒЫРОВ

ЖАСТАР ТЕАТРЫ:
ШАБЫТ ПЕН ШЕБЕРЛІК ҮЙЛЕСІМІ

Елімізде жастар театры немесе соған теңестірілген үйірме, бөлімдер жетерлік. Бірақ арнаулы театр аты мен статусын алып, елімізде екінші болып Астанадағы жастар театрынан кейін мемлекет қолдауымен ашылған театр – Қызылордадағы жастар театры. Әрине, біреу білсе, біреу білмес. Әйтсе де, осыдан 8 жыл бұрын үйірме ретінде ашылып, қалың көрермен алдына алғаш шыққан ұжым үшін биылғы жыл қуанышты жаңалықпен басталды. Шағын ұжым театр статусын иеленді және жаңа басшы тізгін ұстады. Белгілі айтыскер ақын, Сыр елінің біртуар перзенті Нұрмат Мансұров тағайындалған болатын. Өнер өлкесінде өзіндік орны бар жас актерлермен тілдесіп, елдік деңгейде мәселелерді көтеруге тырыстық.

Режиссер шеберлігіне көп нәрсе байланысты

Театр таяуда ғана Темірбек Жүргеновтің туғанына 125 жыл толуына арналған шараларды түйіндеп, қорытындылап, елдің, халықтың ұлына айналған алып тұлғаның өмірін жастарға үлгі ретінде көрсетті. Сол іс-шара көрермен көңілін бір серпілткен еді. Әсіресе, «Өнер – тектің тірегі» атты этно-ретро концерттегі көрерменнің сезімі ерекше болды.

– Бұл концерттің өн бойында 1936 жылы Мәскеуде өткен Ecado көрініс тапты. Жыр алыбы – Жамбылдан бастап, Дина Нұрпейісова, Шара Жиенқұлова, Күләш Байсейітова тәрізді қазақтың біртуар қайраткерлерінің образы көрермендердің ортасында отырды. Қазақ өнері қаймақтарының өнері мен шығармашылығын дәл алдында отырып, тамашалады. Тіпті зал мен сахнаның безендірілуі, музыкалық көркемдеуінің өзі бір ерекше. Көрермен қиялы Мәскеуге кетіп қалды. Мұның барлығы режиссер мен көркемдік жетекшінің қиялының жүйріктігінің арқасы, – дейді жастар театрының әдебиет бөлімінің меңгерушісі Бексұлтан Орынбасаров.

«Көрерменнен екі қадам алда болуымыз керек»

Иә, біз жастар театрының бір ғана қойылымын тілге тиек етіп отырмыз. Аталған ұжымның 8 жылдан бері киелі сахнаға алып шыққан қойылымдары қаншама?! Бүгінде театр ұжымына 14 актер қажет болса, әзірге оның жартысы ғана жұмыс істеуде. Қалғанын алдағы уақытта ұжымның таңдауымен кастинг арқылы қабылдана бермек.

...Біз барғандағы ұжымның дайындығы қызу жүріп жатыр екен. Актерлардың образ сомдаудағы ерекшелігі де көңіліңді маркайтып тастайды. Құдды бір қойылымды көрермен алдында қойып отырған сыңайлы.

«Шығармашылық адамы көрерменнен екі қадам алда жүру керек» деген бар», – деп бастады әңгімесін Оңталап Нұрмаханов. Жастар театрының көркемдік жетекшісі ретінде алда талай асулар бар екенін айқын аңғартты. «Жастар театры әлі қалыптасу дәуірінде. Ендігі мақсат – республика деңгейіне өзімізді таныту, бар екенімізді білдіру. Бүгінгі көрерменнің талғамы қалай, олар нені қалайды, қандай қойылым көргісі келеді – сол талапқа сай болуымыз керек. «Күлтегін-Тоныкөкті» жазып бітірдік, «Құрыш қазақ» жазылу үстінде. Алда осы туындыларды сахналаймыз. Қазір болмашы қиындыққа көшеге шығып, ұрандай салатын, өз-өзіне қол жұмсайтын қоғамға кезінде екі аяқсыз да әлемді мойындатқан Зейнолланың өмірін көрсетеміз. Бүгінгі жастарды жігерлі, қайратты ету үшін осындай үлгілі туындыларды шығарамыз, – деді көркемдік жетекші.

Мықты мамандарға мұқтаж

Мектептің жүрегі мұғалім болса, театрдың жүрегі – актер. Әрине, көркемдік жетекші, режиссерлардан кейінгі. Қайсыбір туындыны болса да сәтті алып шығып, өз деңгейінде орындап, автордың ойын көрерменге түсінікті тілде әрекетімен, өнерімен жеткізетін осындай мықты мамандар бізде жоқтың қасы екені жасырын емес. «Сыр елі – өнер ордасы» десек те, театр ұжымы мықты мамандарға мұқтаж екенін жасырмайды.

– Біздегі бірінші орында – кадр мәселесі. Еліміздегі маңдайалды өнер академияларынан облыстарға, аймақтарға мамандарды келтіру қиын. Аз ғана уақыт бұрын кастинг жасап, осы өңірдегі талантты жастардың басын қостық. Бірнеше маманды жұмысқа алдық. Десек те, әлемдік деңгейдегі классиктердің туындыларын сахналау үшін бізге өз ісінің хас шебері керек. Театр бұған дейін де жұмыс істеді, қазір жаңару үстінде. Бұрын да жақсы-жақсы қойылымдар қойылды. «Қыз қасқыр», «Неге?», «Олимптің күйреуі» секілді қойылымдар болған. Қазір Төлен Әбдіковтің «Оң қол» деген мистикалық драмасын осы қаңтар айында қойғалы жатырмыз. Одан кейін «Махаббат бар ма?» атты комедия кезек күтіп тұр. Өзбектің «Сүйе білсең», «Қызыл алма» деген де комедияларын көрерменге ұсыну ойда тұр. Көрермен тынығып, демалып қалатындай туындыларды сахналағымыз келеді, – дейді режиссер Берік Ахмед.

Режиссер болашақта актерлардың сырт қалаларға, басқа мемлекеттерге шығып, тәжірибе алмасуына, таным көкжиегін кеңейтіп, кәсіби бағытта биіктеуіне мүмкіндік туып тұрғанын және мұндай мүмкіндіктерді жіберіп алмау керегін айтты.

Әдебиеттер жайы қиындық тудырады

Театрдың шикізаты – драма. Ұжым сол шикізатты өңдеп, дайын өнім етіп көрерменге даярлайды. Міне, қарапайым логика осында жатыр. Әйтсе де, әлемдік деңгейде театр мамандарының үлкен бір қиындығы бар. Ол – осы дәуірдің драмалық шығарма жазатын қаламгерлерінің аздығы. Тіпті, әлемдік деңгейдегі классиктердің туындыларын, актерлардың көмекші құралдарын қазақ тіліне аударатындарды тіптен саусақпен санайсыз.

– Бұл – үлкен мәселе. Бізде қазіргі таңда сахналайтын шығармалардан бөлек, Станиславскийдің, Чеховтың актерлық шеберлік жайлы жазылған кітаптарының қазақша аудармасы жоқ. Менің кеудемдегі үлкен армандардың бірі – осы: жас таланттардың бағыт алуына көмекші құралдарды қазақ тіліне аударғым келеді. Егер осындай әдебиеттер болса, актерлардың барлығы кәсіби түрде білім алып шығар еді..., – дейді Б.Ахмед.

Өз алдына дербес сахна болса...

Жастар театрының үйірме ретінде ең алғашқы сахналаған қойылымы – Қанат Жүсіповтің «Алғашқы махаббат» шығармасы. Аты үйірме болғанымен, заты театрға көбірек келді. Өйткені үйірмеден әлдеқайда жоғары деңгейде сахналаған мамандардың шеберлігін көрермен қауымның көпке дейін айтып жүргені есте. Содан бері әр түрлі жанрдағы он шақты спектакльді сахнаға шығарған Жастар театрының қоржынын тарихи драмалар, комедиялық спектакльдер және патриоттық бағыттағы қойылымдар толықтыра түсті.

– Біздің ерекшелігіміз сөзге емес, іс-қимылға, биге, хормен көркемдеуге көп мән береміз. Әлі де толысатын тұстарымыз көп. Шеберлігімізді шыңдауымыз керек. Биылдан бастап, еншімізді алып, театр ретінде құрылып жатқан соң мүмкіндік мол болатынына сенеміз. Тек Қазақстан ғана емес, әлем елдеріне де танылғымыз келеді. Сыр театр өнерін дәріптеуде көп еңбек еткіміз келеді. Осыған дейін көптеген қосымша жұмыстың бәрін өзіміз жасайтын едік. Енді әр істің өз маманымен толығып жатырмыз. Бұл актерлардың дайындық уақытының молаюына ықпал етеді. Енді жеке өз алдымызға дербес ғимарат, дербес сахна болса, жастар театрының алар асуы да асқақтай беретініне сеніміміз кәміл, – дейді театрдың труппа жетекшісі Әлмұхаммед Алдажаров.

Иә, сіз театрға барғанда 1-2 сағат тамашалайтын қойылым үшін ұжым 6-7 айға дейін, тіпті бір жылын сарп етіп, дайындалуы мүмкін. Бірнеше сағатта сол маңдай тердің бағасын беріп кететін көрермен – актерлар үшін құнды.Ендеше еселі еңбек те құрметке лайық болу керек.

Дәулет ҚЫРДАН,
Суретке түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Сыр өңірінің үздік әзілкештері жылдан жылға танылып, мықтылар қатарынан көрініп жүр. Соның ішінде «ПТК арнасы» да ерекше форматпен елге танылды. Журналистика саласының бірегей жанрын қолдана отырып, халыққа өтімді туындылардын жарыққа шығарды. Арна ел сүйіспеншілігіне бөленіп, облыс мақтанышына айналып үлгерді.

ПТК АРНАСЫ:
«ЖАЛҒАН АҚПАРАТТАҒЫ» ШЫНАЙЫ ӘЗІЛ



– Бұл арнаны құру идеясын алға тартқан Ислам Нұрмағамбетов. Медиа саласы сұранысқа ие, жақсы табыс көзі болғандықтан, әлеуметтік желідегі Тикток платформасынан бастадық. Тәуекелге бел буып, 2020 жылы 9 желтоқсан күні алғашқы көңілді бейнеролигіміз жарыққа шықты. Арнамыздағы тұлғалардың ешбірі бұл сала маманы емес. Алайда ұжымның әрбір мүшесі контентті дамыту мақсатында аянбай тер төгеді. Туған інім Мақсат Әбді – ПТК арнасының барлық видеоларын түсіріп, оны монтаждаумен айналысады. Ал көрерменге сапалы контент ұсыну үшін Ислам Нұрмағамбетов локациялар іздейді, сондай-ақ арнаның туындыларында өнер көрсететін дарынды жастар арасында іріктеу жүргізеді, – дейді ПТК арнасының бас жетекшісі, сценарист Ғани Әбдиев.

Әзілкештер ұжымы көреремені күлдіріп қана қоймай, халық игілігіне қызмет ететін бірнеше бизнес көздерін ашуды қолға алған. Атап өтсек, «Кеспе Птк» дәмді асхана желісі, компьютерлер клубы және «Баян сұлу-ПТК» әшекей бұйымдар дүкені жұмыс істейді. Көпшіліктің сұрауымен «ПТК Донер» және «ПТК такси паркі» жақында өз жұмысын бастады. ПТК арнасының мүшелері тек қана әлеуметтік желімен шектелмей, басқа да мүмкіндіктер көзін ашуды алға тартады. Сондай-ақ, халық пайдасына жарайтын бизнес көздері тұрмыс-тіршілікті жақсартуға үлес қосады деген сенімде.

«Қайырымдылық – болашаққа инвестиция» ұғымын ұстанған арна жиі қайырымдылықпен айналысады. Жалғыз басты аналарға үй жағдайында кәсіп бастауға жәрдем еткен. Осы секілді 7-ден астам жобаны жүзеге асырған. Осы орайда «ПТК Инвесторлар клубы» ашылып, алдағы уақытта ауқымды жоспарларды қолға алуды көздеп отыр. Сондай-ақ әзілкештер ұжымы жастарды қолдаудың маңыздылығын да алға тартады. Қорқыт ата университетінің «Матриархат» командасы және М.Мәметова атындағы жоғары педагогикалық колледжінің жайдарман құрамасына тәлімгерлік етіп, жастарға демеушілік жасайды.

Жақында ғана Youtube желісінде жарыққа шыққан «Таксист» сериалы халық сүйіспеншілігіне бөленді.

– Халықтың қабылдауы әртүрлі. Алайда көрермендерімізге ең жақсы, сапалы деген контентті ғана ұсынуды мақсат тұтамыз. Алдағы уақытта бизнес саласын жандандыруды көздеп отырмыз. Осы орайда жарнамалар көлемін азайтып, такси паркінің қызметін жетілдірумен айналысып жатырмыз. Жоспар көп, жүзеге асыруға күш-қайрат берсе деген ниетіміз бар, – дейді арна ұжымы.

Арнаның атауы Қызылорда қаласының құрметіне «Перовск» деп аталған. Ал толық мағынасына келетін болсақ, «Перовск телеканалы» деген ұғымды береді. Аймақ мақтанышы болып жүрген ПТК арнасына сәттілік пен жетістіктер биігін бағындыруды тілейміз!

Нұршат НЫШАНОВА

ПОТЕНЦИАЛЫ
ЖОҒАРЫ ПРОЦЕСС

Жасанды интеллект

Жасанды интеллекттің потенциалы жоғары екенін мойындау керек. Әлемдегі жаңашылдық осы сарында өрбіп жатыр. Демек бізге де интеллектуалды қабілетті арттыру маңызды. IT саласына сұраныс көп, бірақ нәтиже әрқалай. Осы жөнінде қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының робототехника үйірмесінің жетекшісі Оралбек Абдуллаевпен тілдескен едік.

IT-дің бір бөлімін 7 жыл оқиды

Өркениеттің жалына жармасу үшін жан-жақты даму қажет. 2017 жылы өткізілген IT бағытындағы жарыстар қызығушылығымды оятты. Бұл энтузиаст жастың көптігін аңғартқаны рас. Білім ұйымдарының да бетбұрысын анықтап берді. Инновациялық үйірмелердің үздіксіз жұмыс істеуі де ізденісімді күшейтуге себеп. Робототехника бағытында ақылды көзілдірік, смарт паркинг сынды жобамды жүйеледім. Нәтижесінде республикалық байқауда көзге түсіп, марапат мінберінен көріндім. Өзге де бастама жасанды интелект саласындағы AiSha халықаралық информатика бойынша PhD докторанттары мен жас зерттеушілерінің біліктілігін арттыру орталығында қорғалып оң пікірлерге ие болды. Мұның бәрі әлде де тоқтамай, қарқынды жұмыс істеуіме түрткі. Habr, Stackoverflow форумы мен түрлі телеграм каналды оқимын. Өйткені бұл сала базалық біліммен шектелмейді. Шеберлікті шыңдап отыру шарт.

IT-дің басқа саладан артықшылығы көп. Мәселен, медицина академиясын 9 жыл оқып, білікті маман атанатыны мәлім. Ал ақпараттық технологияның бір бөлімін 6-7 жыл оқуға тура келеді. Бұл білімді әрі кетсе 4 жыл кәдеге жаратуға болады. Одан кейін өзектілігін жояды. Сол үшін тағы да теориялық тұрғыда білімді жетілдіру керек. Өйткені жұмыс орындары білімі терең кандидаттарды қажет етеді. Елдегі жоғары оқу орындары осал дей алмаймын, әр студенттің ашық ресурстардан үйренуіне мүмкіндік бар.

Инвесторлар инвестицияны тек шикізатқа құяды

Қазір IT мамандары шетелде жұмыс істеп жүр. Ірі компанияларда белді қызмет атқарып, бағын сынауда. Әрине, жұмыстың жемісі, маңдай тердің ақталғаны ғой. Өйткені, онда орналасудың өзі оңай шаруа емес. Қанша сынақтан сүрінбей өту керек. Бірақ елімізде де білікті кадрды ұстап қалу маңызды. Егер бәрі шетел асып кетсе, белгілі ортаны қалыптастыру қиынға соғады. Иә, әлемде IT саласымен айналысатын алпауыт компания өте көп. Тиісінше жалақы жоғары және көмек те көрсетеді. Егер бізде де инвесторлар инвестицияны шикізатқа ғана емес ақпараттық технологияға құятын болса, сфераның қарыштап дамитыны сөзсіз.

Сонымен қатар, айтулы салаға ағылшын тілін білу маңызды. Қазақстан ағылшын тілін меңгеру бойынша 113 елдің ішінен 104-інші орында екен. Бұл IT саласында айтылмай жүрген фактор, ең негізгі кілт. Тілді жетік білмей қабілетті маман болу мүмкін емес.

Роботтарға реакция теріс болмау керек

Жасанды интеллекттің нәтижесінде роботтар шығуда. Бірақ бұған үрке қарауға болмайды. Ол – ғылымның жемісі. Мәселен, 1985 жылы алғаш электронды калькулятор ойлап табылды. Сол уақытта математиктер «Балалар енді математиканы оқымай қалады, ақыл-есі төмендейді» деп теріс пікір айтқан екен. Ал қазір қаржыгер мен математиктер сол калькулятордың көмегіне жүгінеді. Математика да пән ретінде әлі бар. Демек, калькулятордың пайда болуы ешкімнің жұмысын тартып алған жоқ, керісінше кәдеге асып келеді. Сол секілді роботтар да жаңа мүмкіндіктің есігін айқара ашты. Егер технологиядан қорықсақ немесе күмән келтірсек дамуымызды тежеуі мүмкін. Әлем елдері мұнымен айналысып кетті.

Замира ҚОНЫСЖАН

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Айдар САЙЛАУОВ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Кезекші редактор: Мөлдір САБЫРЖАН

Таралымы: 7041
Тапсырыс: 57